Ауа райы: ● Қызылорда +15 ● Жаңақорған, Шиелі +16 ● Тереңөзек, Жалағаш +14 ● Қармақшы, Байқоңыр +12 ● Қазалы, Арал +8

Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

22 НАУРЫЗ СЕНБІ | 2014 жыл №40-41 (18734-18735) | ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ | www.syrboyi.kz

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті қызылордалықтар!

Баршаңызды Ұлыстың ұлы күні – әз Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Наурыз мейрамы ежелден жаңару мен жасампаздықтың, ырыс пен берекенің арқауы болған.

Елбасы - Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев атап өткендей, «Ұлыстың ұлы күні – көңілде кірбің қалмай қауышатын, түсіністікпен табысатын күн. Көктің тынысын тыңдап, жердің тамырын басқан, тұрмыс-тіршілігін Табиғат-анамен тығыз байланыстырған халқымыз Наурызды жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы деп бағалаған».

Ежелден Тәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасуымен бірге жаңғырған Наурыз мейрамы көпұлтты Қазақстан халқы үшін сүйікті мерекеге айналып, бірлік пен ынтымақтың, саяси тұрақтылықтың нығаюының негізі болды.

Кез келген мемлекеттің басты құндылығы оның тәуелсіздігі, ұлттық бірлігі, қоғамдағы бейбітшілігі мен келісімінде. Біз үшін Тәуелсіздіктен асқан мұрат, Мәңгілік Елден асқан мақсат жоқ! Ұлт Көшбасшысы ұсынған осы жолда ата-бабаларымыздың арманын жалғап, әлемдегі ең ірі дамыған елдер қатарына кіру жолында бар күш-жігерімізді аямайық! Мәңгілік Еліміз жасарып, жаңара берсін!

Ұлыстың Ұлы күні отбасыларыңызға берекесі мен бірлігін, елімізге ырысы мен ынтымағын, тыныштығы мен жақсылығын әкелсін!

Ақ мол болсын, жыл жемісті болсын, ардақты ағайын!

Ізгі ниетпен,
Қызылорда облысының әкімі
Қ.КӨШЕРБАЕВ

ҰЛЫС ОҢ БОЛСЫН, ЫРЫС МОЛ БОЛСЫН!

...Тіл бітіріп тасқа бүгін,
Бір тіршілік бүлкілдейді.
Астында Алаш аспанының,
Ақ тілектер іркілмейді.

Алақанға Ай, Күн қонар,
Осы күні берекелі.
Қарт Қаратау... айдынды Арал,
Қарсы алуда мерекені.

Кетті қарттай қысың ойлы,
Жылға қуып... жүгірді Күн.
...Күлдір-күлдір кісінейді,
Көп ішінде құлын-жырым.

Бөген ауыл бөктерінде,
Бар ма, оймақтай ойнаған із?!
...Алтыбақан тепкенімде,
Алабұрттың Айзада қыз.

Көктем қонды босағаға,
Келіншектей отты демі...
Үй тікті ару "Қособада",
Жалт-жұлт еткен ақ білегі.

Жатсын жайнап, жаңғырып ол,
Құт-береке, ырыс бүгін.
Қазақия – Мәңгілік Ел,
Құтты болсын, Ұлыс күнің!!!

Таңғажайып табиғаты,
Таңдай уыз Тыныштығым.
Күллі Сырдың жамиғаты,
Құтты болсын, Ұлыс күнің!

Толыбай АБЫЛАЕВ.

ЖАҢА АВТОБУСТАР ЖОЛҒА ШЫҚТЫ

Сәрсенбі күні жаңа 20 автобус тұрғындарға қызмет көрсету үшін алғашқы рейске шықты. "Тағзым" алаңынан бастау алған автобусқа ең алдымен аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев бастап мінді. Үлкен сыйымдылықтағы, әрі мүмкіндігі шектеулі жандарға ыңғайлы болып келген жолаушылар көлігінің мереке қарсаңында берілуі қала тұрғындарына ерекше қуаныш сыйлауда.

«Бүгін Қызылорда қаласы үшін қуанышты сәт болып тұр. Былтыр үлкен сыйымдылықтағы автобустар алу үшін ұсыныс жасаған болатынбыз. Енді міне, облыс әкімінің қолдауымен 500 млн. теңге қаржы бөлініп, 20 жолаушылар көлігі келуде. Онда барлық жағдай, мәселен, бейнебақылау, жарнамаға арналған жүгіртпе жолдар қарастырылған. Алдағы уақытта қосымша 100 осындай автобус әкелу жоспарда бар. Жұмыс «Байқоңыр» ӘКК ҮК-мен бірлескен түрде жүргізілуде. Сондай-ақ, қазіргі уақытта қаланың аумағынан 5 га жер бөліп, автобустарға ыңғайлы, қыс айларында да тиімді, қасында автовокзалы бар үлкен база салу көзделуде. Оған 200 автобусқа дейін сиятын болады. Сондықтан осы бағытта жұмыстар жасалуда», - деді қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев.

Айта кету керек, қоғамдық көліктің бір ерекшелігі экологиялық жағынан таза. Яғни, газбен жүру жағы қарастырылған. Бұл үшін қаланың орталығынан арнайы газ құю бекеті жұмыс жасауда. Сонымен қатар, автокөліктің тізгіншілері мен кассирлерге қойылатын талап та қатал. Жүргізушілердің еңбек өтілдері 30 жылдан кем болмауы тиіс. Ал, кассирлер жолаушы сырқаттанып қалған жағдайда алғашқы көмекті беретін болады. Ең басты ерекшелік арнайы мамандардан дәріс алған жүргізушілер мен кассир қыздар тек қана қазақ тілінде жолаушыларға қызмет көрсететін болады.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

ҰЛЫС

Ұлыстың ұлы күнін Сыр өңірінің халқы ерекше ынтаықыласпен тойлады. Күн мен түннің теңеліп, табиғаттың жаңаша күйге енетін кезін асыға күткен жұртшылық ұлы мерекеге куә болу үшін Қызылорда қаласындағы орталық алаңға жиналды. Онда отызға жуық ақшаңқан киіз үй тігіліп, алтыбақан құрылды. Қайырымдылық ас ұйымдастырылатын 8 шатырда көпшілікке қазақтың дастарқаны жайылды.

"Сәлем – сөздің анасы" дегендей, Наурыз мерекесіне жиналған көпшілік алдымен бір-бірімен тәс қағыстыра амандасты. Өзіндік ерекшелігімен безендірілген ақ отауда ақсақалдарға жастардың амандасуы, енесімен келіннің сәлемдесуі, бозбала мен бойжеткеннің сәлем-саукатының тамаша үлгісі көрініс тапты. Одан кейінгі тігілген жастар үйінде қыз бен жігіттің айтысы тойдың көрігін қыздырды.

Сыр жұртшылығына әз Наурызда ақ тілегін арнаған облыс әкімі Қырымбек Көшербаев пен Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев осы тойда екі бүлдіршіннің тұсауын кесті. Олардың үлкен өмірге басқан алғашқы қадамдарына ақ жол тіледі. Өңір халқын Ұлыстың ұлы мерекесімен құттықтады.

– Наурыз мейрамы бір ғана ұлттың немесе өзге ұлт мәдениетінің көрінісі ғана емес, бүкіл адамзат халқының ұлттық құндылықтарының бірі ретінде тойланады. Себебі, 2013 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 21-наурызды "Халықаралық наурыз күні" деп бекіткен болатын. Наурыз әсіресе, күллі түркі баласына ортақ шуақты мереке. Күн мен түннің теңескен уақытында қазақтың кең даласында қазан асып, ұлан-асыр той жасаған. Қазақ халқы бұл күні бір-бірін құшақ жая қарсы алып, амандық-саулық тілесіп, Жерананың тылсым құдіретін сезінген. Барлық өңір халқын осы Ұлыстың ұлы күнімен құттықтаймын, –дей келе, облыс әкімі елімізге бірлік-береке, әр отбасына шадыман шаттық тіледі.

Орталық алаңда тігілген үйлерде барлық мекеме мен ұйымдарда мәдени мұра, қолөнер шеберлерінің көрмесі өткізілді. Сыр жастарының наурызға арнаған ақ тілектері жазылған шарлар аспанға ұшырылды.

Әз Наурыз мерекесі бүгін де жалғасын табады. Алаңда 22 қазанға толы наурызкөже пісіріліп, көпшілікке таратылады. Ұйымдастырылатын шарада облыстың белді аспазшылары өзара сынға түспекші.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА.
Суретті түсірген:
Б. ОМАРАЛИЕВ.

Валюта бағамдары: ● USD 182.02 ● EUR 251.57 ● RUR 5.03 ● CNY 29.23

ҚҰРЫЛЫС

ӨҢІРДІҢ СӘУЛЕТТІК КЕЛБЕТІН ӨЗГЕРТЕДІ

Аймақ басшысы Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен облыстық сәулет-қала құрылысы кеңесінің кезекті отырысы өтті.

Жиынды ашқан облыс әкімі әрі аталған кеңестің төрағасы Қ.Көшербаев кеңестің күн тәртібінде 9 мәселе қаралатынын жеткізді. Мұнан соң кеңес мүшелерінің назарына облысымызда салынатын құрылыс нысандарының жобалары ұсынылды.

Алдымен «Ақмешіт-Сырдария» орталық мешітінің ауласынан салынатын білім жетілдіру орталығының (медресенің) эскиздік жобасы туралы жобалаушы мекеменің өкілі тарқатып айтты. Оның мәлімдеуінше, аталған жоба облыстық сәулет және қала құрылысы басқармасының жанындағы техникалық кеңесте қаралып, орталық мешіттің имамымен келісілген. Ер балаларға арналған 50 орындық оқу орталығы Қалжан ахун медресесінің үлгісі бойынша бой көтереді. Орталық мешіттің бас имамы Талғат Омаров жобалаушы мекемеге жобаны ақысыз дайындағаны үшін алғысын білдірді.

Ауыр атлеттерге арналған спорттық кешеннің эскиздік жобасы туралы «Крез-Сервис» ЖШС директоры Мариямкүл Дәрменқұлова айтып берді. Заманауи талаптарға сай келетін спорт кешені Мұз айдыны жанына орналасатын болады. Екі дүркін Олимпиада чемпионы Илья Ильин атындағы кешенде жоғары деңгейдегі халықаралық жарыстарды, республика және Азия біріншіліктерін өткізуге болады. Ал, "Арай" шағын ауданының кіреберісінде бой түзейтін «Салтанат сарайының» жобасы туралы «Мелиоратор» компаниясының үйлестірушісі Сәуле Хамитбекова тарқатты. Классикалық үлгіде бой көтеретін нысан мен сауда ойын-сауық орталығының жалпы құны 1,5 млрд. теңгені құрайды.

Мұнан соң «Сыр Ана» кешені аумағын абаттандырудың эскиздік жобасы туралы облыстық сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Сейілхан Тойбазаров хабарлама жасады. Кеңес жетекшісі аталған кешенді абаттандыру ісінің маңыздылығына тоқталды. Аймақ басшысы атап өткендей, «Сыр Ана» кешені қала және облыс тұрғындары мен оның қонақтарына ыңғайлы демалыс орны және әртүрлі мәдени шаралар өткізуге қолайлы болуы тиіс. Бұған қоса, басқарма басшысына аймағымызда жүзеге асырылатын барлық құрылыстық жобаларда ұлттық сәулет өнері мен нақышының молынан қамтылуын және оның шығыстың классикалық үрдісімен үйлесім табуын басты назарда ұстауды тапсырды.

Кеңес мүшелерінің назарына Астана шағын ауданынан ірге көтергелі отырған 300 орындық көпсалалы қалалық аурухана мен Тасбөгет кентінің кіреберісіне орнатылатын Жанқожа батыр ескерткішінің эскиздік жобалары ұсынылды. Айта кетейік, аурухана ғимараты «Астана» ауданның түбегейлі жоспарлау жобасына сай жобаланған. Оған бөлінген аумақтың көлемі – 7,2 гектар. Аурухана 9 блоктан тұрады. Жобаны жүзеге асыру мерзімі – 29 ай.

Кеңесте күре жолдың бойынан бой түзейтін бірқатар кәсіпкерлік нысандардың да жобалары қаралды. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автодәлізінің бойында үш санаттағы нысандар ірге көтеретіні белгілі. Жеке кәсіпкерлер Жандәулетов пен Сейітжаппарова Арал және Қызылорда қаласы тұсынан «В» санатына жататын жол бойы кешенін салуды жоспарлапты. Бұған қоса, «ҚазМұнайГаз» АҚ Қызылорда, Арал қалалары мен Төретам, Шиелі және Жаңақорған кенттері жанынан жанар-жағармай құю станциясын салуды жоспарлап отыр. Аталған эскиздік жобалар бекітілген техникалық талаптарға сай болғандықтан оларды кеңес мүшелері бірауыздан мақұлдады.

Кеңес отырысын қорытқан аймақ басшысы Қ.Көшербаев автобанның бойында салынатын кәсіпкерлік нысандарының жолаушыларға сапалы қызмет көрсету үшін халықаралық талаптарға сай келу тиістігіне тоқталды.

Жалпы, басқосуда ұсынылған барлық жобалар комиссия мүшелері тарапынан қолдау тапты.

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.

"ҚОЛЖЕТІМДІ БАСПАНАҒА" ҚОЛ ЖЕТЕ БАСТАДЫ

Сәрсенбі күні Қызылорда облысы әкімдігі мен "Қазақстан Тұрғын үй – Құрылыс Корпорациясы" АҚ-ның өзара ынтымақтастық меморандуымына қол қойылды. Іс-шараны ашқан облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қазіргі күні Қызылорда қаласы қарқынды құрылыс алаңына айналып отырғандығын атап өтті. Облыста "Қолжетімді баспана-2020" бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бағдарлама аясында 2012 жылдан бастап қаржыландырудың барлық көздерінен 4907 үй пайдалануға беріліп, тұрғындардың, жас отбасыларының баспана мәселесін шешуге үлкен ықпалын тигізді.

Бүгінгі таңда Қызылорда қаласында "Қазақстан Тұрғын үй–Құрылыс Корпорациясы" акционерлік қоғамына жалпы ауданы 4,7 гектарды құрайтын 2 жер учаскесі беріліп отыр. Оның ішінде Арай шағын ауданындағы жер көлемі 2,7 гектар, Шүкіров көшесіндегі жер көлемі 2 гектарды құрайды. Үстіміздегі жылы "Арай" мөлтек ауданынан бес көпқабатты үй құрылысы басталса, келер жылы Шүкіров көшесінде тағы бес үй салынады.

Биыл Қызылорда қаласында 26 үй пайдалануға беріледі. Бұған қоса, аталмыш корпорация және "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ бірлесіп, 10 көпқабатты үй салады. "Қазақстан Тұрғын үй – Құрылыс Корпорациясы" АҚ өкілі Руслан Құсайынов "Қолжетімді баспана" бағдарлама аясында осы жылы 230 пәтердің, 2015 жылы 180 пәтердің кілті табысталатынын жеткізді. Ұзақ уақытқа жоспарланған бағдарламаның тиімділігі көп. Тұрғын үйдің әр шаршы метрі 1000-1200 теңгеден ғана болады. Жаңа баспанаға қоныстанатын тұрғындарды жергілікті әкімдік анықтайды.

Мұнан соң Қызылорда облысы әкімдігі мен "Қазақстан Тұрғын үй–Құрылыс Корпорациясы" АҚ арасында өзара ынтымақтастық жөнінде меморандумға қол қойылды. Оған облыс әкімінің орынбасары Н.Әлібаев пен корпорация тарапынан Р.Құсайынов қол қойды. Жиын соңында аймақ басшысы байыпты бастамаға сәттілік тіледі.

Ы.ТҰРЛЫҒҰЛОВ.

ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫ

Қызылорда облыстық мәслихатының кезекті 25 сессиясы 2014 жылғы 04 сәуірде сағат 11-00-де облыстық мәслихат аппаратының мәжіліс залында ашылады және сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады:

1. Облыстың елді мекендерін электр қуатымен қамтамасыз етудің жайы және оны жақсарту шаралары туралы.
2. Облыстық сайлау комиссиясының құрамын сайлау туралы.
3. Облыстық мәслихат депутаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссияларының құрамын сайлау туралы.
4. Қосымша мәселелер.

Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларының отырыстары 2014 жылғы 03 сәуірде сағат 15-00-де, тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысы сағат 16-00-де өткізіледі.

Облыстық мәслихат.

САПАР

МҰНАЙ-ГАЗ КЕШЕНІ

АЙМАҚ ДАМУЫНЫҢ КӨКЖИЕГІН АЙҚЫНДАЙДЫ

Бейсенбі күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалық етуімен облыстың жер қойнауын пайдаланушыларымен кеңейтілген мәжіліс болып өтті. Оған ҚР Мұнай және газ министрі Ұзақбай Қарабалин, ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің төрағасы Базарбай Нұрабаев, сонымен қатар аймақтағы жер қойнауын пайдаланушы компаниялардың басшылары мен өкілдері қатысты.

Мәжілісті ашқан облыс басшысы бүгінгі таңда аймақтағы мұнай өндірісіне қатысты туындап отырған бірқатар проблемалық жайларға жеке-жеке тоқталып өтті. Оның алғашқысы өндірілген мұнай көлемінің жылдан жылға кеміп келе жатқанына байланысты болды. Қызылорда облысы жалпы республикалық мұнай, ілеспе газ және конденсат қорларының 4,5 пайыздық үлесіне ие. ҚР Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша 2013 жылы облыста 10,6 миллион тонна шикі мұнай өндіріліп, ол 2012 жылғы өндіру көлемінің 97 пайызын құрады. Жыл ішінде «Торғай Петролеум» АҚ бойынша ғана өндіру көлемінің төмендеуі 450 мың тоннаны құрады. Сонымен қатар, өндіру көлемінің 250 мың тоннаға дейін төмендеу орнын толтыра алдық.

Аймақ басшысы мұнай өндірудің алдағы бес жылға арналған болжам межелеріне талдау жасады. Ол жыл сайын 5-6 пайызға төмендейді. Мұнай өндіру коэффициентінің орташа көрсеткіші 20-60 пайызды құрайтын болады. Бұл көрсеткіштер бізді қанағаттандырмайтынын, сондықтан кен орындарындағы мұнай өндіру көлемін инновациялық әдістерді енгізу арқылы арттыру өзекті мәселе болып табылатынын айтқан облыс басшысы қазір бірінші және екінші мұнай қайтарымын арттыру тәсілдерінің орнын үшінші тәсіл басуда екенін жеткізді. Мұндай тәсілдерге әдетте ең алдымен жылу, газ, химия және микробиология секілді жаңа технологиялар жатқызылады. Сарапшылардың бағалауынша, мұнай өндіру коэффициентін 0,1 пайыз арттыру аймақтағы мұнай қорларын 30 млн. тоннаға ұлғайтуға мүмкіндік береді. Бұл аймағымыздың 3 жылдық мұнай өндіру көлеміне тең.

Мұнай қорын арттыру үшін геологиялық барлау жұмыстарын арттырудың маңызы зор. Бұл біздің облыс үшін өте маңызды. Себебі алдағы жылдары өндеу секторының жоғары қарқынмен дамуының өзі мұнай-газ саласындағы өндіріс көлемінің төмендеуінің орнын баса алмайды. Осы орайда жедел түрде Оңтүстік Торғай, Шу-Сарысу және Сырдария шөкпе бассейндерін зерттеуіміз қажет. Мұнда көмірсутегінің қомақты қорларын анықтау болжанып отыр. Бұл мәселелерді тек мемлекеттік органдар мен мемлекеттік бюджет арқылы шеше алмайтынымыз анық. Сондықтан, геологиялық барлауда мемлекеттік-жекеменшік әріптестік ұстанымдарын кең пайдалану керек деп есептейміз деген Қырымбек Елеуұлы Мұнай және газ министрлігі басшылығынан біздің болашағы бар аймақтарымызды жеке инвесторларға барлау үшін беру мүмкіндігін қарастыру сұралатындығын айтты.

Облысты газбен қамтамыз етудің маңызын айтып жатудың өзі артық. «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбыры құрылысының бірінші кезеңінің аяқталуына орай, Қызылорда облысында елді мекендерді газдандыру бойынша дайындық іс-шаралары жүргізілуде. Екі жыл ішінде облыс тұрғындарының 70 пайызын қамтитын 21 елді мекен кезең-кезеңмен газдандырылады деп жоспарлануда. Қазір белгіленген міндеттерді жүзеге асыру үшін 12 ТЭН және жобалық-сметалық құжаттама дайындауға облыстық бюджеттен 570 млн. теңге бөлінді. Биыл қосымша тағы да 550 млн. теңге бөлу жоспарлануда. Сарапшылардың есептеуінше, барлық елді мекендердің тауарлық газға деген сұранысы жылына 1,2-1,6 млрд. текше метрге жуық. Арысқұм, Кеңлік, Бектас, Қоныс, Қызылқия кен орындарындағы қосалқы газ өндіру көлемінің болжамды көрсеткіштері және жасалған ТЭН бойынша Солтүстік-Батыс Қызылқия кен орнының газ қорлары 650 млн. текше метрге жуық. Ақшабұлақ кен орнындағы қосалқы газ өндіру орташа жылдық көрсеткіштері жылына 360 млн. текше метрге жуықтайды.

Аймақ басшысы Оңтүстік Торғай ойпатының Арысқұм иіні кен орындарындағы газды кешенді пайдалану жобасын нәтижелі түрде жүзеге асырған жағдайда біздің ұзақмерзімді перспективада газға деген сұранысымыздың 63-84 пайызын өзіміздің энергетикалық ресурстарымыз арқылы өтеуге мүмкіндігіміз болатынын айтты. Қалған 200-600 млн. текше метр «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральды газ құбыры арқылы жеткізіледі. 2013 жылы осы жобаны жүзеге асыру үшін «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ тапсырысымен «Арысқұм» кен орнында кешенді газ дайындау құрылғысын салу жобалық құжаттамасы жасалып, 2014 жылға құрылыс-монтаж жұмыстарын атқару үшін 85 миллион АҚШ доллары қаралған болатын. Алайда, қазір «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ осы зауыттың құрылысын тоқтатты. Кәсіпорын инвестиция салу тиімсіз деп санайды. Бұл Үкімет қаулысымен бекітілген соңғы есептеу формуласының өзгеруіне байланысты болып отыр. Осыған орай, бүгінгі күні «Capital Gate Central Asia» кәсіпорнымен ГКДҚ салу жөнінде келісімге қол жеткізілді. Бұл ретте «Петро Қазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ мен «Қуатамлонмұнай» АҚ «Арысқұм» кен орнына дейін құбырларды салып, тазартылмаған ілеспе газды оны әрі қарай өңдеу үшін жеткізіп тұрса болды. Осы зауыт құрылысы мен тиісті газ көлемін өндіру және жеткізу мәселесі оң шешімін тапқан жағдайда, «ҚазТрансГазАймақ» АҚ «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральды газ құбырына қосылған «Арысқұм-Жосалы» магистральды газ құбырын салуға инвестициялық тетіктерді іске қосуға дайын. Сондықтан, осы мәселенің бүкіл аймақ үшін экономикалық және әлеуметтік маңызы зор екенін ескере отырып, Арысқұм кен орнында ГКДҚ құрылысына байланысты мәселелерді шешуді тездеткен жөн.

Сондай-ақ, Қызылорда облысы әкімдігі мен «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ арасында «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральды газ құбырынан 5 бағыттаушы газ құбырын салуға және Арал, Әйтеке би, Шиелі, Жаңақорған елді мекендерінде кентішілік газ тарату жүйелері бар АГТС құрылысын салуға 16,5 млрд. теңге көлемінде инвестиция тарту жөнінде келісім жасалды. Сегіз АГТС құрылысы жөнінде мәселе шешімін таппай отыр. Осы АГТС және бағыттаушы газ құбырлары құрылысын салу үшін республикалық бюджеттен қаржы бөлу мәселесін Мұнай және газ министрлігі арқылы шешілуін сұралады. Сондай-ақ, Өңірлік даму министрлігіне тиісті елді мекендерде кентішілік газ тарату жүйелерін қаржыландыру үшін сұраныс жолданады.

Облыс әкімі мұнай өндірісіндегі қазақстандық қамтамасыз етудегі қордаланып қалған мәселелерге де назар аударып өтті. Мұнай және газ жобаларында қазақстандық үлесті арттыруға бағытталған жұмыстардың арқасында жақсы нәтижелерге қол жеткізілді. Қазіргі таңда, облыстың мұнай саласында мұнай кен орындарын игеру және қызмет көрсету бойынша технологиялық жұмыстарды орындайтын 37 мың қызметкерді қамтитын 50-ге жуық сервистік компания бар. Сонымен қатар, мұнай саласындағы қызмет көрсету бағаларының қалыптасуына жасалған талдау облысымызда жұмыстар мен қызметтер тарифтері елімізде ең төмен екенін айқындап берді.

Теңгенің құнсыздануы толықтай дерлік импорттық құрал-жабдықтар мен техникаға негізделген отандық мұнай саласында сервистік қызмет көрсету жағдайын одан әрі қиындатып жіберді. Сондай-ақ, сервистік қызмет көрсетуші компаниялар 100 пайыз жергілікті жұмыс кадрларын пайдаланады. Осыған орай, жергілікті кадрлардың әлеуметтік жағдайы аландатып отырғанын атап өткім келеді.

Тарифтер ұзақ жылдар бойы өзгермегендіктен, шешуін күткен мәселелер қордалана түсуде. Осы саладағы орташа жалақы 2011 жылдан бастап 31, жанар-жағармай бағасы 25, азық-түлік өнімдері 21, өндірістік бағалар 28, ал доллар бағамы 22 пайыз өсті. Нәтижесінде, мұнай саласында қызмет көрсететін компаниялар бағалардың өсуіне және тарифтердің төмендеуіне байланысты даму және жаңғырту үшін өз капиталдарын жинай алмай, толығымен шығынға батты. Мұндай жағдайда қызметкерлерге қолайлы әлеуметтік жағдай жасау қиындай түсуде. Одан әрі тиімді іс-шаралар қабылданбаса, болашақта жергілікті мердігерлердің қызметін тоқтату қаупі бар. Ұлттық валюта бағамының өзгеруіне байланысты, барлық мұнай және газ компанияларының басшылары жергілікті жер қойнауын пайдаланушы ұсынатын жұмыстар мен қызметтерге тиісті тарифтерді қайта есептеуді және келешекте инфляция коэффициентін ескеруі тиіс. Алдағы болатын кәсіпкерлер кеңесінде Қызылорда облысының мұнай және газ жобаларында қазақстандық және жергілікті үлесті арттыру мәселесі қаралатын болады.

Сөз соңында Қырымбек Елеуұлы кәсіби-техникалық білім беру жүйесіне қатысты ойын жеткізді. Тек қана білім беріп қоймай, оны тәжірибемен ұштастыру дағдыларын да қалыптастыруымыз қажет. Осы орайда «Қазатомпром» ҰАК» АҚ-мен бірлесе отырып, осы жылы тау-кен және мұнай-газ өнеркәсібі саласында кәсіби-техникалық лицей құрылысын салу басталады. Барлық компаниялар оқу жоспарлары мен әдістемелерін жасақтауға қатысып, жетекші шетелдік оқытушыларды тартуға атсалыса алады. Бұл лицей түлектері жер қойнауын пайдаланушы компаниялар талаптарына сәйкес болуы үшін қажет.

Министр Ұ.Қарабалин облыс әкімінің алаңдаушылығына түсініс-тікпен қарайтынын атап өтті. Ол Мемлекет басшысының мұнай өндіру коэффициентін арттыру туралы тапсырма қойып отырғанын айтты. Осы бағытта нақты жұмыстар қолға алынуда. Мұнай қабаттарын толығырақ қамтитын шетелдік ноухау технологиялары тартылу үстінде. Оларды жергілікті мамандар үйренуі үшін мұнайлы өңірлер орталықтарында форумдар өткізу басталып отыр. Ол сонымен қатар, салаға қатысты жақсы жаңалықтардан хабардар етті. Қызылорда облысында қытайлық мамандар күшімен сұйытылған газ – метан шығаратын зауыт салу жоспары бар. Оның тиімділігі алыс ауылдарға құбыр тартпай-ақ, көгілдір отынды көлікпен жеткізуге болады. Сонымен қатар, метан газынан дизель отынын шығаратын ағылшындық технологиялар әкелу ойластырылып отыр. Бұл екі жобаға да облыс басшысы қолдау көрсететінін білдірген. Сала министрі облыс басшысы айтып өткен мәселелер бойынша қаржыландыруды шешуге күш салатынын жеткізді.

Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің төрағасы Б.Нұрабаев геологиялық барлау жұмыстарына инвестиция тарту және тиісті заңдылықтарды жетілдіру туралы Елбасы Жолдауында айтылғанын еске салып өтті. Ол Қызылорда облысының ресурстары толық барланбағанын, сол себепті аймақтағы Оңтүстік Торғай, Арал, Сырдария бассейндерінде барлау жұмыстары қолға алынатынын тілге тиек етті. Облыс аумағында тек көмірсутек шикізаты ғана емес, сонымен қатар, қатты рудалар, сирек кездесетін металдар, минералды тұздар, сондай-ақ тұщы су көздері іздестірілетін болады.

Мәжілісте "ҚазТрансГазАймақ" АҚ бас директорының орынбасары Ибулла Сербиев облыста газдандыру жұмыстарының жай-күйі туралы айтып өтсе, "ҚазГерМұнай" БК" ЖШС бас директоры Медет Кәрім компанияның облыстың экономикасы мен әлеуметтік саласына қосып отырған үлесі жайлы жеткізді. Ал "Қор" компаниясының басшысы Марат Нұрпейісов бүгінгі күні жанармаймен жабдықтауда Павлодар мұнай өңдеу зауыты тарапынан туындап отырған кедергілер туралы министрді құлағдар етіп, көмектесуді сұрады. Ұ.Қарабалин көмектесуге уәде етті. "РУС-ИННО" компаниясы директорының ғылым және технологиялар жөніндегі орынбасары, профессор Владимир Иванников өз кезегінде мұнай өндіру көлемін арттыруға көмектесетін екі түрлі технология әкеліп отырғанын айтты.

Мәжілісті қорытындылаған облыс әкімі мұнай өндірісі компаниялардың ішкі шаруасы саналғанмен, оның көлемінің азаюына бей-жай қарап отыра алмайтынын қатаң ескертті. Өйткені, таразының екінші жағында облыстың экономикалық-әлеуметтік ахуалы, аймақтың даму перспективасы тұр.

***

Облыс орталығында өткен кеңейтілген жиыннан кейін аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев пен Мұнай және газ министрі Ұзақбай Қарабалин бастаған топ алдымен «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС-на қарасты "Ақшабұлақ" кен орнында болды.

Аталған компанияның бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Нұржан Әбдірахманов мәртебелі мейманды УПГ-2 газ қондырғысының жұмысымен таныстырып, соңғы жылдары өндірілген газ өнімінің көлемі және оның перспективасы туралы айтып берді. Айта кетейік, Қызылорда қаласының тұрғындары өңірде өндірілетін газдың игілігін соңғы 9 жылдан бері көріп келеді. Өйткені, «ҚазГерМұнай» ЖШС 2005 жылдың қазан айында УПГ-1 газ қондырғысын іске қосып, «Ақшабұлақ-Қызылорда» газ құбыры арқылы облыс орталығын «көгілдір отынмен» қамтамасыз ете бастаған-ды.

Ал, Индустриялық картаға кірген серпінді жобалардың бірінен саналатын УПГ-2 газ қондырғысы 2011 жылдың күзінде пайдалануға берілді. Сол тұста аталған компания газдың өнімділігін еселеп арттырып, облысымызда сол жылдан бастап алғаш рет жылына 550 млн. текше метр газ өндіріле бастады. Газ айыру қондырғысында газ өнімінің екі түрі өндірілетінін айта кеткен жөн. Оның бірі құрғақ газ болса, екіншісі – сұйытылған газ. Құрғақ газ ұзындығы 150 шақырымды құрайтын «Ақшабұлақ-Қызылорда» құбыры арқылы облыс орталығына жөнелтіледі.

Ал, сұйытылған газды серіктестік еліміздің компанияларына сатады. Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары Нұржан Әбірахмановтың айтуынша, өткен жылы компания 519 млн. текше метр газ өндірген. Оның басым бөлігі қала тұрғындарының игілігіне жұмсалды. Сол себепті де өткен қыста қаламызда газ жетіспеушілігі, көгілдір отынды шектеп беру мәселесі орын алған жоқ. Сондай-ақ, өткен жылы компания 120 тонна сұйытылған газ өндіріп, өз өнімін республикамыздағы жеке компанияларға ұсынған.

"ҚазГерМұнай" компаниясы іргедегі «Кристал-Менеджмент» ЖШС-на қарасты газтурбиналық станцияға өндірілген газ көлемінің 30 пайызын ғана береді. Нақты кезеңде аталған компания "Ақшабұлақ" ГТЭС-не сағатына 6 мың текше метр газ жіберуде.

Еліміздің Мұнай және газ министрі Ұзақбай Қарабалин бастаған мәртебелі қонақтар мұнан соң «Кристал-Менеджмент» ЖШС газтурбиналық станциясына ат басын бұрды. Аталған газтурбиналық станцияның жұмысымен компанияның бас директоры Дәулет Сайзинұлы таныстырды. Оның айтуынша, қазіргі таңда газ тапшылығына байланысты мұндағы 3 газтурбинаның 1-уі ғана жұмыс жасап тұр. Өйткені станцияға жоғарыда айтып өткеніміздей, сағатына 6 мың текше метр ғана газ беріледі. Онан электростанция сағатына 30 мВт электр қуатын өндіруде.

Кешегі қыс айларында станция бірнеше ай жұмысын тоқтатуға мәжбүр болған. Себебі, "Ақшабұлақ" және "Нұралы" кеніштерінде өндірілген газ алдымен облыс орталығының сұранысын жабуға жұмсалады. Газ толық мөлшерде беріліп, станция толық қуатына көшер болса, мұндағы 3 газтурбина сағатына 87 мВт электр қуатын өндіре алады екен.

Мәселенің мән-жайына қаныққан Мұнай және газ министрі алдымыздағы мамыр айынан бастап электрстанцияға толық көлемде газ беру мүмкіндігі туатынын жеткізді.

Мұнан соң облыс әкімі Қырымбек Көшербаев пен ҚР Мұнай және газ министрі Ұзақбай Қарабалин бастаған топ Оңтүстік Торғай иініндегі "Арысқұм" кенішінде болып, онан әрі Қармақшы ауданына жол жүріп кетті.

***

Түстен кейін облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, Мұнай және газ министрі Ұзақбай Қарабалин Қармақшы ауданында болды. Ауданға жасалған сапарда министр Қорқыт ата ескерткіш-кешеніне аялдап, Қорқыт ата зиярат ету орталығының жұмыс барысына зер салды. Аудан активімен жүздесіп, Елбасының биылғы Жолдауына байланысты үгіт-насихат шараларын жүргізді.

Зиярат ету орталығы үстіміздегі жылы елдің игілігіне айналды. Соңғы жылдарда ескерткіш кешеніне ат басын бұрғандар қатары артып келеді. Халықаралық туристер одағының құрамына кіретін 70-тен астам елден өкілдер келіп, түбі бір түркі жұрты құрмет тұтатын орынды тамашалап қайтты. Осыған байланысты кешен аумағында халықаралық талаптарға сай келетін орталық құрылысын жүргізу жоспарланған. Бұл жұмысты жергілікті «Дорстрой» ЖШС қолға алып, осы мақсатта 450 млн. теңгеден астам қаржы шығарды. Қазіргі таңда мұнда келушілер барлық жағдайы жасалған орталық қызметін пайдалана алады.

Аудандық мәдениет үйіндегі аудан активі мен жергілікті жұртшылықпен жүздесуінде министр Елбасының биылғы Жолдауына байланысты туындайтын міндеттер мен тапсырмалар жөнінде жан-жақты айтып берді. «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында келешекте ел дамуының негізі боларлық көптеген іс-шаралар жоспары белгіленді. Тәуелсіздік алған жылдарда біздің еліміз әлемдегі қарыштап дамыған мемлекеттердің қатарына қосылды. Бұл жылдарда ішкі өнім деңгейі 20 есеге артып, жан басына шаққанда оның мөлшері 13 мың АҚШ долларына жетті. 1997 жылы қабылданған «Қазақстан-2030» даму стратегиясы бойынша жоспарланған жұмыстар 15 жылдың шамасында толықтай орындалып, мемлекет алдында жаңа міндеттер белгіленіп отыр. Әлем бойынша Қазақстан мұнай өндіруде үздік 15 елдің қатарына қосылса, газ өндіруде алғашқы жиырмалыққа енді.

Елімізде қазына қазанын толықтыруда тау-кен саласының алатын орны ерекше. Сондықтан бұл саланы дамытуда сан алуан іргелі жобалар қолға алынып келеді. Қазіргі таңда Қазақстанда төртінші мұнай өңдеу зауытын салу бойынша жоба қолға алынып отыр. Сондай-ақ, «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбыры оңтүстік өңірдегі халықтың әлеуметтік-тұрмыстық ахуалын жақсартуға оң септігін тигізеді.

Тау-кен саласында Қызылорда облысы да өзіндік орнын еншілейді. Бүгінгі күнге дейін біздің өңірде мұнай, газ, уран, ванадий кендеріне түрен тисе, келешекте олардың қатарын басқа да қазба байлықтар толықтырады. Оған Сыр өңірінде барлық мүмкіндік көзі бар. Алдағы уақытта облыста темір, қорғасын, мырыш секілді жерасты байлықтары да өндіріліп, елдің игілігіне айналады деген үміт бар.

Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің төрағасы Базарбай Нұрабаев облыс аумағында көптеген қазба байлық бар екенін тілге тиек етті. Алдағы уақытта оларды барлау және игеру шараларына мән беріледі.

Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ,
Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ,
Дәуіржан ЕЛУБАЕВ,
Әділжан ҮМБЕТ.

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ

Ұлы Даланы қоныстап, жыл маусымдарының қас-қабағымен санасып, аспан шырақтарын бағдарлап, төрт түлік малды тіршілігіне тірек етіп, Тәңірге табынып ғұмыр кешкен көшпелілер есте жоқ ескі заманнан бері наурыз айында күн мен түннің теңесер шағын жылдың басына балап, дүние тіршіліктің жаңғырар сәті екенін ұғып, сонысын кие тұтып, сол күнді Наурыз деп атаған. Неге? Егер аңыздарға құлақ түрсек:

Наурыз ата екі ағайынды болыпты. Өз кіндігінен ұрпақ болмапты. Ал інісінің балалары көп екен. Оларды Наурыздың кемпірі бауырына тартып, жақсы көріпті. Көктемнің алғашқы айының соңында, жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағында ет, құрт, тары, бидай, кеспе (тұз бен суды қосқанда, кем дегенде жеті дәм) тағы басқа тапқан-таянғанын қосып, көже жасап, бәрін аузы-мұрнынан шығара бір тойғызады екен.

Наурыз ата мен кемпірі дүниеден өткен соң жыл сайын дәл сол мезгілде балалары Наурыз атаның үйінен ішетін көжесін сағынады. Сөйтіп әр үй жыл сайын атасының үйінің көжесіндей көже жасап, ағайын-туыстар бірін-бірі шақырып, бөлісіп ішеді. Наурыз атаны еске алысады. Келесі жылғы «Наурызда» осылай аман-есен көрісулерін, атасы секілді пейілі кең, ақжарқын адам болуларын тілеп, өзара мейірлесіп, ықылас білдірісіп тарасады екен. Осы салт бірте-бірте «Наурыз көже» атанып, дәстүрге айналыпты.

Тағы бір аңызда парсы бәйітінен 1883 жылы Маусымбай Сабанұлы деген жырау қазақша жырлап, осы нұсқа Пекиндегі «Ұлттар» баспасынан араб әрпімен 1988 жылы «Қазақ қиссаларының» сегізінші кітабында (құрастырушылар: Ә.Байболат, Ә.Балықшыұлы) жарияланған. Бұл бойынша Нұх пайғамбар жер бетін топан су қаптайтынын алдын ала сезіп, кеме жасай бастайды. Ақыры бір күні жерден қайнап су шығып, жан-жануар суға кетеді. Су бетіне Нұхтың кемесі ғана қалқып шығады. Кеменің қанша уақыт жүргені мәлімсіз, азық-түлік әбден таусылуға таяған кезде кеме келіп, Жида тауға (Қазығұртқа) қонады. Содан соң Нұхтың ұрпағы жерге тарайды. Қоныс таңдап қонады. Осы қуаныш үстінде барлық асты бір қазанға тоғытып, барлығы бір емін-еркін тояды.

Нұхтың – Хам, Сам, Яппас (Яфис – деп те айтылады) деген үш баласы болады. Яппастың кейінгі бір ұрпағы Ғажамнан: фарсы, араб, түркі тарайды. Осылардан Наурыз дейтін бір зерек, білікті ұл туады. Ақылы артық болған соң туыстары Наурызға ерік береді. Наурыз Қазығұртта қонған күнді еске алып, барлық жұртқа тамақ жасап беріпті. Наурыз бастап тілеу асын берген соң, мұны барлығы да қостайды. Сөйтіп Ғажам ұрпағы осы күнді түгел тойлайтын болады. Осы Наурыздың тастап кеткен үлгісі ұмытылмайды. Елін жинап, тілеу тілеп, бір қазаннан ас ішіп, жыл бойы жиналған көңіл кірін кетіріп, құшақтасып табысу салтқа айналады. Оған кемінде 5000 жыл болды. (М.Исқақов, Халық календары, 245-бет).

Қазақ тұрмысына ислам дінінен бұрын келіп сіңіскен Наурыз күні жұрт ауыл аралап, бірін-бірі жаңа жылмен құттықтайтын, қарттарға өгіздің шекесі тартылатын, жастар наурызкөже ішетін, ән шырқап, күй тербеп, көкпар тартып, ойын-сауықпен өткізетін. Орта Азияның әкімдері кейбір зынданға салынған тұтқындарға кешірім беретін, сондықтан қарапайым халық: «Наурызда Самарқанның көк тасы да жібиді» дейтін.

Кейін орта ғасырда, одан да бергі кезеңде араб-парсы ықпалы күшейіп, ислам діні Ұлы Дала көшпелілерін шарпыған шақта, бір кездері иран жұртына «Ұлыстың ұлы күні» ретінде жұғысты болған таным-дәстүрі, енді «Наурыз мейрамы» болып қайта оралған. Парсы тілінде «нау-жаңа», руз-күн деген мағына береді. Яғни, наурыз - жаңа күн деген сөз. Парсылар наурыздың екінші сыңары ретінде күн мен түннің теңесуін «меран» (мейрам) деп тойлайды.

Бұл айда жыл басына меже болатын Ұлыстың ұлы күнінің өтетіні өз алдына, сонымен бірге көшпелі ел қыстан қысылып шығып, жазылып жадырар шақты тықырши күтеді. Сондықтан да, наурыз айын енді тоқты тоймас, шөміш кеппес уақытта ұқыпты бол, Жер-ананың тоң кеудесі жібігенше, төс емшегі иігенше кетпен-шотың сайлы болсын, кер өгізің майлы болсын» деп отырады табиғаттың қас-қабағын баққан қариялар. Қалай болғанда да, наурыз айы табиғаттың жаңғырар, біреудің екеу болар, тіршілік атаулының тірлік танытар мерзімі, жыл тоқсанның басы.

Байырғы салт-жора бойынша қазақ арасында Ұлыс тойы түн ортасы ауа басталады. Бұл түн «Қызыр түні» деп аталады. Халықтың нанымсенімінде Қызыр (Қыдыр) қасы көзін жапқан қарт адам болса керек. Қызыр атаны Бақ жетелеп жүреді екен дейді. Ұлыс тойының таңын көзімен атыру үшін Қызыр ата түн ортасы ауа дала кезеді. Жолай өзі сияқты ұлыс таңына ынтық жанды кезіктірсе, қасын көтеріп назарын салатын көрінеді. Қызыр атаның назары түскен адамның басына Бақ қонбақ... Қазақ тіліндегі «Қызыр дарымай, Бақ қонбайды» деген мәтел осынау байырғы наным-сенімге орай айтылған.

Қызыр түнін ұйықтамай өткеру үшін ауыл жастары алуан түрлі ойын ұйымдастырып, Қызыр атаның назарын аударып бақытты боламыз деп, небір тосын тамаша-қызықтар көрсетеді. Ауыл жастары алтыбақанын құрып, әнін шырқап, лаулатып от жағып, шошаладан қақпыш ұрлап, ұйқыашар пісіріп, Қызыр түнін қызық-думанмен өткереді. Көктемнің күні құбылғыш, егер Ұлыс қуанышында жауын-шашын болса, оны да жақсылықтың нышанына балап, «құс қанаты желпіді», «нұр жауды», «келер жыл берекелі болады» деп отыратын дәстүр бар. Ұлыстың ұлы күніндегі ең киелі рәсім – көкжиектен шапақ шашып шашырай шығып келе жатқан күнді қарсы алу дәстүрі. Мұндайда ақ жаулықты аналар тостағанға ақ құйып алып шығып, күн көзіне қарата шашып, үш мәрте тізе бүгіп тағзым етеді. Атар таң, шығар күнге тәу еткен соң, ауыл-үй адамдары бір-бірін Ұлыстың ұлы күнімен құттықтап, тілектерін айтыса бастайды. Үй-үйді аралап, жүз көрісіп, төс қағысып, Ұлыс дәмінен ауыз тиіп, бір-біріне бата-тілек айтысу – әркім үшін киелі парыз. Ұлыс күні: елдің ертеңі деп ер балаға бәсіре тай сыйлайды, қалыңдық айттырады, тіршіліктің тірегі деп малға ен салады, жақсылығы жұғысты болсын деп Ұлыс күні туған балаға Келіс, Кіріс, Наурызбай, Наурызбек, Мейрам, Мейрамкүл деген есім береді, жыл берекелі болсын деп ыдыс атаулыны бос қоймайды, жақсылық бел алған күн ғой, сәтіне қарай таратады деп алуан түрлі ырым-жоралғы жасайды, балалардың жасына қарай кекіл, тұлым, айдар қояды, тұсауын кеседі, мал тарыдай көп болсын деп қотанға тары шашады, бұл күнгі құдалық өмірлі болады деп құдалық айттырады, құйрық-бауыр жесісіп, төс тигізіседі, уәде байласады, жамандықты ала кетсін деп ескі-құсқы заттарды отқа жағады, теңдікті Тәңірдің өзі ұнатады деп қарыздан құтылады, өкпе-назды ұмытып бітімге келеді, жұтқа ұшырағандарды жылу жинап ел қатарына қосады, күл мен күңге азаттық береді, жаппай жаяу жарыс ұйымдастырады, барша жанды тең санайды, берекенің бастауы деп жеті түрлі дәмнен Ұлыс көже пісіреді. Тілек айта келгендер әр үйдің тағамынан сарқыт алып, оны өз үйіндегі тағамға қосады. Мұнысы, жаңа жылда осылай араласып, тату- тәтті өмір сүре берейік деген тілеуі.

«Наурыз тойының» басты мақсаты – халыққа молшылық, тоқшылық тілеу. Сол үшін де наурызкөже беретін үйлер қазан-қазан көже жасайды. Оны қарның сыздағанша ішіп, артығын құйып әкетуіне де болады. Әрине, наурызкөженің белгілі бір ережесі (рецепт) жоқ. Ең бастысы: бидай, тары, қамыр, ет, тұз, сүт, суы бар жеті дәмнен құралуы керек. Қалғаны әркімнің тұрмыс жағдайына байланысты. Сол үшін де халық наурызкөженің қамын ерте ойластыратын болған. Сөйтіп наурызкөжеге арнап соғымның жамбасын, жаясын, қазы-қартасын сақтайтын. Бұған қоса, кәрі жілікті де сақтайтындар бар. Онысы қарттықтың белгісі сияқты. «Қартайғанша аман болайық!» деген тілектен болса керек. Кейде соғымның қыстайғы сүйегін жинап қойып, майлы жіліктерін шағып отырып, көжеге қосып (жоқшылық кезде, Қ.Ш) қайнатқан. Содан соң құрт езіп немесе уыз қатады. Мұндай көженің дәмі тіл үйіреді. Тағы бір ескеретін жай, әлгі аталған жеті дәмнің ішіне бидайды қосудың жөні бөлек.

Қуанышқали ШАПШАҢОВ.

Қазығұрттағы Нұх пайғамбар кемесіне ескерткіш

НАУРЫЗ НАҚЫШТАРЫ

МҰНАЙШЫ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР ӘЛЕУМЕТТІК ПАКЕТКЕ ИЕ БОЛДЫ

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» мұнай компаниясы кезекті мәрте өз ардагерлеріне қамқорлық қолын созды.

Мұнай саласында жемісті еңбек етіп зейнетке шыққан жүзге жуық ардагерлер мен өндірістік жағдайында мүгедектікке шыққан жандарға азық-түлік өнімдерінен құралған әлеуметтік пакет таратылды. Әр зейнеткерге 90 келіге жуық азық-түлік өнімдері берілді. Оның ішінде ұн, қант, күріш, өсімдік майы, шәй, тағы басқа қажетті күнделікті өнімдер бар.

Сыр өңірінің дамуына тың серпін беріп, ел экономикасының дамуына өзіндік сүбелі үлесін қосып келе жатқан ПҚҚР компаниясы мұндай игі шарасын жылына екі мәрте ұйымдастырады. Атаулы көмек биыл әз Наурыз мерекесіне орай үлестірілді.

Ардагерлерді шуақты Наурыз мерекесімен компанияның кәсіподақ комитетінің басшысы Елеусін Дүйсенов пен жұртшылықпен байланыс жөніндегі менеджері Хұсайын Сәрсембаев құттықтап, сала ардагерлеріне жасалатын қамқорлықтың ауқымы алдағы уақытта бұдан да кеңейе түсетінін атап өтті.

Компания әлеуметтік-әріптестік аясында халықтың әлеуметтік жағынан қорғалмаған жіктерін қолдауға, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт жүйесіне айрықша назар аударып келеді.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

ҚАРЖЫ ПОЛИЦИЯСЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫ

Облыс бойынша қаржы полициясы департаменті қызметкерлері Наурыз мерекесі қарсаңында Қызылорда қаласындағы Сәбилер үйінің тәрбиеленушілеріне қайырымдылық көрсетті.

Биылғы еліміздің қаржы полициясы органдарының 20 жылдығына орай аталмыш құрылым “20 ізгі іс” акциясын ұйымдастыруды қолға алған болатын. Бұл шара осынау игілікті істің бір парасы саналады. Сәбилер үйінің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы жақсаруына үлес қосқан департамент ұжымы түрлі-түсті теледидар мен шаңсорғыш және қысқа-толқынды пешті тарту етті. Бұдан басқа әрбір бүлдіршінге арнайы сыйлық үлестірілді. Қамкөңіл сәбилерге көрсетілген ықылас олардың жабырқау көңілдеріне жылылық ұялатып, жүздеріне қуаныш нұрын сепкендей болды.

Қаржы полицейлерінің қамқорлығы Талсуат ауылдық округіне орналасқан мүгедектерге арналған оңалту орталығында жалғасты. Олар мұнда мүгедектер арбасы мен балдақтарды сыйға тартты.

– Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың биылғы Жолдауында мүмкіндігі шектеулі жандарға көбірек көңіл бөлу керектігі айтылғаны белгілі. Сондықтан тағдырдың тауқыметін тартқан оларға үнемі қамқорлық көрсетіп отыру – біздің басты парызымыз, – деді департамент бастығы, қаржы полициясының полковнигі Мақсат Қожабаев.

Орталықта емделушілер атынан ризашылығын айтыскер ақын Замаддин Ибадуллаев жыр жолдарымен жеткізді.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.

ЭТНОАУЫЛ БОЙ КӨТЕРДІ

Ұлыстың Ұлы күнін қазалылықтар зор қуанышпен қарсы алды. Аудан көлеміндегі елді мекендер, қала, кент тұрғындары Наурыз мерекесіне тыңғылықты әзірленіпті. Білім бөлімі ұйымдастырған этноауыл баршаны елең еткізді. Ұлттық дәстүрімізді паш ететін бұйымдарға толы көрініс көңілге шаттық ұялатады. Мұндағы қараша үйдің керегесіне ілінген түлкі ішігі, арлан қасқырдың терісі, шебер өрілген қамшы, шанағы нақышталған домбыра, қошқар мүйізді ою кестеленген қоржын қазақы дәстүріміздің сыр шертеді.

Шараны көпшілікке танымал термеші қарындасымыз «Тойбастармен» ашып, ақ кимешекті аналар шашу шашады. Міне, керемет! Бір шетте оюлы камзол киген жас келіншек диірмен тартса, келесісі күбі пісуде. Төңіректен шынайы қазақылықтың лебі есіп тұрғандай. «Әжелер ансамблі» дайындаған концерттік бағдарлама той сәнін айшықтай түсуде. Баршаға таратылған наурызкөже молшылықтың, береке-ырыстың нышаны сынды. Бұл күні тек концерттік бағдарламалар, серуен жасаумен шектелмей, тұрмысы төмен отбасыларға қайырымдылық акциясы да қолға алынды.

Наурыз тойын шалғайдағы Бекарыстан би елді мекенінің тұрғындары тағатсыздана тосуда. Айшығы күнмен шағылысқан «Аманбай ахун» мешітінде аруақтарға құран бағышталған соң дәм ұсынылады. Аумақты алаңда әсем әуен көкке қалықтап, күмбірлете күй төгіледі. Көше комитеттерінің бастамасымен әрбір көшенің тұрғындары өз өнерлерін ортаға салады. Келесі кезекте Қыдыр баба, ертегі кейіпкерлері көпшілікпен қауышып, «Қара жорға» биін жүзге жуық адам қосыла орындайды. Сондай-ақ кіші футболдан, тоспа доптан, ләңгі тебу, арқан тарту спорттық сайыстары мәреге жетеді. Жеңімпаздар ұйымдастыру комитеті тағайындаған ақшалай сыйлықпен марапатталады. Шара соңы жастардың би кешіне, жалпыхалықтық серуенге ұласады.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы.

ІЗГІЛІККЕ ІЗ АШҚАН

XXI ғасыр өркениет пен руханият кезеңіне айналуда. Мұндай заманға береке-бірлігі ұйыған, экономикасы мықты, білімді де білікті ел ғана қол жеткізбек. Ата-бабаларымыз осыдан мың жылдан астам уақыт бұрын исламды таңдаған. Олай болса, сол асыл діннен бізді ешкім де ажырата алмайды. Ол – біздің қанымызда, жанымызда. Ислам діні біздің өмір салтымыздың, мәдениетіміздің және тарихымыздың терең тамырында жатыр. Ислам діні қазақ даласына таралғаннан бастап, ғасырлар бойы халықтың өміршең рухани-моральдық құндылықтарымен, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімен кірігіп, дін мен дәстүр бірлігін құрап отыр.

Араб халифатының құрылуына орай олар өзге елдерге ықпалын тигізу мақсатында Ислам дінін VII-VIII ғасырдан бастап тарату жолына түседі. Осы мақсатта Иран мен Тұран бағытында қазіргі Орта Азия, Қазақстанға және Еуропа еліне ислам дінін таратуға аттанған азаматтар қатарында Абдрахман баб, Ысқақ баб және Абд ал-Джалил бабтар болды. Олар өз ықпалын таратқан жерлерінің бәрінде халықты, ислам дініне уағыздап, мешіт-медреселер ашып, сауаттандырып, сол елдің мәдениетінің өсуіне зор көмегін тигізіп отырған.

Абд ал-Джалил баб (лақап аты Хорасан Ата) – ең соңғы Пайғамбар Алланың расулы – Мұхаммедтің (саллаһу алейхи уассалам) немере інісі және күйеу баласы Хазіреті Алидің (Али Ибн Абу Талип Ибн Абд ал Муталип) Мұхаммед Ханафия, Абд ул-Фаттах, Абд Ул - Жаббар, Абдул-Кахар және Абдул - Рахманнан кейінгі 6-шы ұрпағы.

Орта Азия мен Қазақстанға Ислам дінін әкелуші үш баб Шамнан (Сирия) шығып Шамотқа, одан Хорасанға (Иран) келеді. Хорасаннан Балхқа, одан Ауғанстанға, одан Бұхараға, Самарқанд және Шаш (Ташкент) қалаларына келіп мұсылман дінін таратады. Шаш қаласынан кейін үшеуі үш бағытқа бөлінеді. Абд ар - Рахим баб Арғу, Тараз, Жетікент еліне Ысқақ баб Сайрам (Испиджаб), Қарғалық елдеріне аттанады. Ал, Абд ал - Жалил баб Сыр өзенін жағалап Сүткент, Зернұқ, Отырар, Иассы, Сауран, Сығанақ және Сырдарияның сол жағалауындағы Оғызкент (Өзкент), Баршынкент, Шахаркент, Жаркент қалаларының халқын Ислам дініне енгізеді. Сафи ад – Дин Орун Қойлақидың «Насабнамасы» мен Хорасан Қожалар шежіресінде аталған үш бабтың Ислам дінін аша келген уақытын «Хижраның 150 жылы» еді дейді. Бұл уақыт қазіргі жыл санақ бойынша 767-768 жылдарға сәйкес келеді. «Насабнамадағы» мәліметтер 27 мөрмен дәйектелген. Абд ал - Джалил бабтың Хорасан Ата аталуын тарихшылар оның Ирандағы Хорасан қаласының билеушісі болғанымен және адамды жаппай өлімге душар ететін «Хорасан дағы» бар шешек ауруын емдеп, аман алып қалуымен байланыстырады.

Хорасан ата кешенінде Абд ал-Джалил бабтан басқа оның ұлы Сұлтан Хусейн ата және ұрпағы Құдайқұл қожа жатыр. Хорасан атаға зиярат етіп келушілер алдымен ұлы Хусейн атаға, содан кейін Хорасан Атаға зиярат етеді. Аңыз бойынша Хорасан Атаның өзі алдымен Хусейн атаға зиярат етуді өсиет етіп қалдырған.

Абд ал-Джалил баб – Хорасан ата кешеніндегі мешітте баба ұстаған ту бар. Ол туда «Аллаху Ахад» «Мұхаммед уа Али» деген сөздер мен «Али» аты төрт қайтара жазылған. Кейбір тарихшылар мен ғалымдар туды майдан даласындағы жаужүректілігі үшін «Исламның Арыстаны» және «Сайфл – Ислам» «Исламның қылышы» атанған Хазіреті Али ибн-Абу Талиб ұстаған ту деп жорамалдайды.

Арада қаншама ғасыр өтсе де, Хорасан ата кесенесіне зиярат етушілер легі бір сәт те толастаған емес, қай та уақыт өткен сайын арта түсуде. Бүкіл түркі дүниесі пір тұтқан Қожа Ахмет Иассауи бабасы Хорасан Атаға зиярат ете келіп былай дейді екен:

Бабам Хорасан, келдім арасан,
Зиярат етейін деп ісімді сұрасаң.
Мүшкіл халімді қылғайсың әнсән,
Рақым ете гөр, бабам Хорасан!
Сексен шайхыны жаныңда көрдім,
Тоқсан машайхыны артыңда көрдім.
Қаһба махалланның алдында көрдім,
Рахым ете көр, бабам Хорасан!
Сұлтан Хұсайынның ұлы боларман,
Алла тағаның құлы боларман,
Шашым, сақалымды шыпта қыларман,
Рахым ете гөр, бабам Хорасан!
Әлінің әулеті Шерий құдасан,
Келген бәлеге депі қыларсан,
Құл Қожа Ахметке жар боларсан,
Рахым ете гөр, бабам Хорасан!

Түркия мемлекетінің зиялысы, осы елдің ғылым министрі болған, түркі жұртына ардақты, сыйлы азамат Кемал Зейбек мырза 1997 жылы Сыр еліне арнайы келді. Оны басқа да алыс мемлекеттердің жұртшылығы назар аудара бастауы деп түсіну керек. Баба өмірінің осындай асыл қасиеттері оның тұлғасын барған сайын, уақыт озған сайын биіктете түсуде. Әлемдегі қай халықты алсаңыз да, өткендегі тарих жолын танып білуге ұмтылып, қатпарлы жол тарих қойнауынан оңайлықпен сырын аша бермейтін рухани қазына көздерін түрткілеп, іздене түсуі – озық халықтардың бәріне тән құбылыс.

Жаңақорған ауданы Жаңарық елді мекенінен жиырма шақырымдай жерде орналасқан күмбезді кесененің бірінде Абд ал-Джалил бабтың мәңгілік мекені орын тепкен. 1992 жылдан бастап жергілікті жердің тұрғындары кесенені өз қамқорлығына ала бастады. 1995 жылы кең көлемде ас берілді. 2007 жылы аудан әкімдігі мен мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында «Орта Азия мен Қазақстанға исламның келуі және ондағы Хорасан атаның ролі» атты халықаралық деңгейдегі ғылыми-теориялық конференция, ақындар мүшәйрасы және қыраттап құран оқу жарысы болып өтті.

Хорасан ата рухы мен оның қадір-қасиетіне зиярат етушілердің саны ғана емес, географиялық ауқымы да арта түсуде. Соңғы жылдары таяу шет мемлекеттерден, оның ішінде Ресей Федерациясынан зиярат етіп келушілер көбейуде. Олардың былтырғы саны 300-500 аралығында болды. Сондықтан да, Хорасан Ата кешенін және оның төңірегін көркейту- көгалдандыру қолға алына бастады. 2012 жылы «Қазақстан атом өндіріс» ұлттық компаниясына қарасты «Байкен U» ЖШС басшылығының көмегімен электр желілері тартылып, электр жарығымен толықтай қамтамасыз етілді. 2013 жылдың 23 наурызы күні жергілікті тұрғындардың ұйымдастыруымен Хорасан Ата төңірегінің біраз жері қоршауға алынып, онда 500 түп әр түрлі жеміс ағаштары отырғызылды.

Өткен жылдың 23 қарашасы күні елге танымал азамат Дуппа Әмір Әлиевтің демеушілігімен күн райы мен жерінің топырағы жобалас келетін ¤збекстан мемлекетінің Бұхара өңірінен 500 түп әр түрлі жеміс ағаштары жеткізіліп, қоса егілді. Жергілікті халықтың ұйғарымы бойынша әрбір жылдың 23 наурызы күні Хорасан ата кешенін көркейту – көгалдандыру және абаттандыруға атсалысу, кездесу күні болып келісілді.

Халық мұрасына мұндай нақты қамқорлық – біздің мемлекет ретіндегі мерейіміз, ұлт ретіндегі ұлы жетістігіміз болып табылады. Тарихы тереңде жатқан осындай ұлы тұлға рухани қазынамыз «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында мемлекетіміздің қаржылай қолдау қорына алынуын асыға күтуде.

Батырбек АЙТЖАНОВ,
Асылбек АЙТЖАНОВ,
Жаңақорған ауданы.

ТАМЫР

ТҮБІ БІР ТҮРКІНІҢ ТӨЛ МЕРЕКЕСІ

Биылғы қыстың қаһары қатты, қары болған соң ба, Наурызды жұртшылықтың айрықша күткені байқалады. Ауылдарда “Самарқанның көк тасы еріді” деген күннен бастап көрші-қолаңға наурызкөже беру басталып кетті.

Күллі түркітілдес елдердің төл мерекесі “Адамзаттың мәдени мұрасы” атанып, 2010 жылы ЮНЕСКО мұраларының тізіміне енді. Біріккен Ұлттар ұйымы бұл күнді «Халықаралық Наурыз күні» деп бекітті.

Қазақ халқының Наурызды атап өтуінде терең мән-мағына, тәрбиелік өнеге жатқанын біледі. Осы күнді дәл біздей күтіп, қарсы алатын, атап өтетін бауырлас елдердің дәстүрлерінде қандай ұқсастықтар мен ерекшеліктер бар?

Түбі бір түркітілдестердің көпшілігі Ұлыстың Ұлы күнін атап өткенмен, әрқайсысының өз салты, атауы бар. Ежелгі тәжіктер «Наурыз» сөзін «бәйшешек», «гүлнаурыз», хорезмдіктер «наусарджи», татарлар «нардуган», буряттар «сагаан сара», соғдылар «наусарыз» деп түрліше атаған.

Әзірбайжан туыстар Новруз Байрамын ерекше атап өтеді. Сол күні барлық жұмысты тоқтатып, көңіл көтереді. Байрамның бірінші күнінде адамдар ерте оянуға міндетті. Ертеде ауыл маңындағы өзен-бұлақтарға барып, бір-біріне су шашысып ойнау дәстүрі болған. Мұны жаңа жылды, жаңа күнді таза ниетпен қарсы алу деген наным бар.

Бұл күні дастарқандағы ас мәзірінің де мәні зор. Дәстүр бойынша әрбір отбасы дастарқанға «с» әрпінен келетін жеті түрлі тағам түрлерін қойған.Ол «сумах», «скэд» (аудармасы сүт дегенді білдіреді), «сирке» (сірке суы), «семени» (арнайы бидайдан жасалған ботқа), «сабзи» (түрлі аскөк және т.б.). Оған қоса дастарқанға айна қойылады екен. Бұл ерте заманғы аңыздарда айтылатын “жер шары алып өгіздің мүйізінде орналасқан” дегенге байланысты болса керек. Жыл бойына жер шарын қайыспай көтерген өгіз жерді бір мүйізінен екінші мүйізіне лақтырып, орнын ауыстырғанда айна қозғалады. Бұл – жылдың келгенінің белгісі.

Әзірбайжандықтар Наурыз мерекесіне әзірлікті ескі жылдың соңғы сәрсенбісінен, яғни «ахыр чершенбеден» бастайды. Тазалық жұмыстарын жүргізіп, марқұм болған жақындарына дұға етеді. Бірінші күні әзірбайжандықтар ең алдымен бал немесе қант жеп, үйлерін жұпар иісті түтінмен тазалайды. Содан соң дастарқан жайып, бір-бірін қонақ етеді. Біздің наурызкөжегеге ұқсас «иеди-лиевин» деген тағамды пісіреді.

Қырғыз туыстар да наурызкөжесін пісіріп, дастарқанын жайып, ағайынның басын қосып, мәре-сәре болады. Бір қарағанда біздің халықтың тойлау дәстүрінен өзгешелігі байқалмайды. Тек бұл күндері наурызкөже – «чон кеже» мен «кәвут» дәстүрлі тағамдары әзірленеді. Нооруз күні дүниеге келген балалардың есімін Ноорузбай, Ноорузгул деп қойған.

Түркіменстандағы Новрузда дастарқанға бидай сабағынан дайындалған «семене» қойылады. Мұнда ескі жылда атқарылуы тиіс жұмысты жаңа жылға қалдырмау қағидасы бар. Дайындық 5-6 күн бұрын басталып, мұнда да тазалыққа, аста-төк тағамдар әзірлеуге мән беріледі. Ең алдымен нан пісіріліп, содан кейін ғана басқа тамақтарды кезекпен әзірлейді. Дастарқан мол болса, алдағы жылы молшылық болады деген сенім бар.

Қоңсы жатқан Өзбекстан халқы Навруз мейрамына әзірлікті ерте бастайды. Су келетін арықтарды қоқыстан тазартып, ағаштардың түбін әктейді. Мереке әр махалләдағы шайханада аталып өтіледі. Сумәләк пен ханпалау әзірленіп, қайырымдылық шараларын жасайды. Халық келесі жылдың қандай болатынын үйге келген алғашқы қонақтың қабағына қарап болжайды. Қонақ көтеріңкі көңіл-күйде келсе, жыл берекелі болады деп ырымдайды.

Иран жұртының дәстүрінде жаңа жыл кірмес бұрын дәнді дақылдарды өсіріп, солардың өскінімен үйлеріне әшекей жасайды. Бұл үйден тоқшылық кетпесін дегенді меңзейді. Өскінді үйде 13 күн ұстап, содан кейін өзенге ағызады.

Бұл елде де ескі жылдың ақырғы сәрсенбісінде үлкен от жағылып, мұны жаңару белгісі деп қабылдайды. Жаңарудың тағы бір белгісі, бұл күні адамдар жаңа киім киюге міндетті екен. Жаңа күн туғанда ақсақалдар жастарға күміс немесе алтыннан жасалған тиын береді. «Айди» деп аталатын бұл дәстүр үлкендердің жолын жалғаған ұрпақ көп болсын, жасына жас қоссын деген тілектен туған.

Түркияда Наурыз – «Сұлтан Наурыз» деп аталады. Жергілікті халықтың сенімі бойынша күн теңелетін түні белгісіз уақытта аяғындағы білезікті сыңғырлатып, кесте тоқи отырып, ғажап сұлу қыз батыстан шығысқа қарай аспанды кесіп өтеді. Кейбір аңыздарда құс киімін киген жігіт деп те айтылады. Сұлтан Наурыз уақытын көрген адамдардың тілегі қабыл болады деген сенім қалыптасқан.

Түбі бір тәжік туыстар да бұл күні суманақ әзірлеп, барлық бауырластары сияқты тағамның мол болғанына мән береді. «Хадир айиам», яғни үлкен мерекеде дастарқан ұн мен еттен жасалған тағамдарға толы болуы керек. Суманақты дайындау бір апта бұрын басталатын көрінеді. Дәл мерекеге әзір болған тағамға бірінші құран оқылып, содан кейін туған-туыс пен көрші-қолаңға таратылады.

Ұлыстың ұлы күнін тарихы мен тағдыры, тілі мен діні бір түркі халықтарының барлығы да бір тілекпен қарсы алатыны анық. Ол – өткенге салауат айтып, ертеңге үмітпен қарау. Өкпе-ренішті ұмытып, жаңа күнді жақсы ниетпен қарсы алу. Наурыз мейрамы, Новруз Байрамы, Нооруз майрамы, Сұлтан Наурыз құтты болсын.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

ОТАУ

ЖАҢАРУ КҮНІНДЕ ШАҢЫРАҚ КӨТЕРГЕНДЕР

Жыл басы саналатын қасиетті Наурыз мерекесін ел жұртшылығы тәуелсіздік алған алғашқы жылдары ерекше бір ынтамен тойлағанын көруге болады. Жетпіс жылға жуық Ұлыстың ұлы күні тек ауыл аймақтарда, әр үйде наурызкөже пісірілумен ғана шектелсе, бүгінде халықтық күйге еніп, ұлттық мерекені ел болып тойлау дәстүрге айналды.

Жыл сайын әр адамның ақ арманына арқау болған әз Наурызды көпшілік асыға күтеді. Әсіресе, осы күні өз отауын тігіп, шаңырақ көтергендер үшін ерекше мейрам. Тоқсаныншы жылдардың басында дәл осы Ұлыстың ұлы күнінде отбасын құрған Сәбит Мәмбетәлиев пен Қарашаш Ыбыраеваның шаңырағы бүгінде кеңейіп, төрт баланың ата-анасы атанды. Олардың үйлену тойы Наурыз мерекесінде ерекше салтанатпен атап өтілді. Жиырма жыл бұрынғы Наурыз мерекесімен қат-қабат келген олардың шаңырақ көтеру тойлары жайында Қарашаш Ыбыраева былай деп еске түсіреді.

– Бұл 1993 жыл болатын. Еліміздің тәуелсіздік алғанына небәрі екі жыл толған кез еді. Өздеріңіз білесіздер, аяғынан енді тұра бастаған мемлекеттің жағдайы жақсы емес болатын. Десе де, біздің тойымыз Наурыз мерекесі күні ұжымда ерекше бір өзіндік салт-дәстүрімен көрініс тапты. Бір айта кетерлігі, бұл қазіргідей жай сценарийге құрылған шара емес, шынайы біздің өміріміздегі есте қаларлық оқиға болды. Өйткені, бұл біздің шаңырақ көтеру тойымыз еді. Ол кезде мен №9 училищеде электрмонтер мамандығынан арнаулы пән оқытушысы едім. Сол уақыттағы оқу орнының басшысы Сексенәлі Раханов ағай ұжымдағы Наурыз мерекесін ұлтымыздың ұмытылып бара жатқан дәстүрлерін еске түсіру мақсатында және оның шынайы түрде көрініс табуына көп еңбек сіңірді. Әлі күнге дейін сол жылғы Наурызды ұжым айтып жүреді. Біздің училище жанында “Жігер” деп аталатын профилакториялық мекеме бар еді. Мені сол жерге тігілген бөлек отаудан ұзатты. Атқа жегілген арбаға отырғызып, оқу орнының ауласына тігілген киіз үйге күйеу жігіттің жеңгелері барлық рәсімдерін жасап кіргізді. Ол жерде шымылдық құрылды. Шынымды айтсам, қазақша көйлек пен басыма киетін сәукелені зорға таптық. Тіпті ол уақытта ұлттық киімдерді табу өте қиын. Ал, бүгінде оның барлық түрін арнайы ұлттық киім сататын дүкендерден табуға болады ғой. Сөйтіп, өзім келін болып түскен осы оқу орнында жұмыс жасап жатқаныма қазір жиырма жылдан асты,–дейді біздің алғашқы кейіпкеріміз.

Ұлыстың ұлы күнінде көптің батасын алғандықтан болар, бүгінде Қарашаш пен Сәбиттің отбасы ауызбіршілігі жарасқан, берекелі өмір кешуде. Үлкен қыздары Айдана “Алтын белгі” иегері атанып, қазір Еуразия университетінде үшінші курс студенті. Одан кейінгі Айзаданың өз отбасы бар. Ал Бағдәулет пен Ердәулет мектепте үздік оқушылар.

Әр жылдағы наурыз тойын бұл ұжым ерекше ынта-ықыласпен тойлаған деуге болады. Мәселен, жаңару күнінде тағы бір шаңырақ көтерген отбасы бар. Камаловтар әулеті осы білім беру мекемесінде ұзақ жылдар еңбек еткен. Сондықтан да болар ұжым болып олардың тұңғышын үйлендіріп, тойын жасауды өз міндеттеріне алды. Қалыптасқан дәстүр бойынша, бұл той тағы да Ұлыстың ұлы күнінде жасалды. Алайда келіншек алатын Мейірхан ғана мұндай жаңалықтан бейхабар еді. Алайда бұл оқиға жігіттің жарқын болашағына жол ашты. Ештеңеден хабары болмаған Мейірхан сол уақытта әскери борышын өтеп келген еді. Дайын тұрған қалындығы жоқ. Бас-аяғы бес күннің ішінде оған үйленетін қызды табу тапсырылады. Өзге тірліктің барлығын ұжым өз жауапкершілігіне алған. Қалыңдық іздеу оқиғасы туралы күйеу жігіттің өзі былай деп еске алады.

– Мен ол кезде жиырма үш жаста едім. Өзім қызбен жүрмек түгілі, қызға сөз айтып көрмеппін. Не істерімді білмедім. Бір сыныпта оқыған досымның үйінде қарындасы бар еді. Көптен көзім түскенмен, батылым жетіп сөз айта алмай жүргенмін. Содан ол қызды үйінен шығару, оған “күні ертең саған үйленемін, келісіміңді берші” деп айтудың өзі мен үшін үлкен сынақ болды. Бірақ, менің бір осал тұсым бар. Бір табан ішкілікке жақындау болдым. Әлгі қызға ұсынысымды айтқан кезімде ол менің осы жаман әдетімнен бас тартуымды, мүлдем жоламауды сұрады. Жігіттік уәдемді беріп, қызды көндірдім. Наурыздың 19-да түнгі екіде үйге қалыңдықты түсірдік. Ертеңіне бірден училещеге “шақыртып жатыр” деді. Барсақ, біздің ұлттық киімдерімізге дейін барлығы дайын, киіз үй тігулі, алтыбақан құрулы тұр. Менің туған-туысымның барлығы осында жүр. Келіншегімнің беташары

болды. Ұлттық спорттық ойындардан жарыстар өтті. Бүгінде бір шаңырақ астында тату-тәтті тірлігімізге 17 жыл толды. Алланың берген 5 баласын тәрбиелеп отырмыз. Осы наурызда, құдай қаласа, тағы бір нәрестеміз дүниеге келгелі тұр,–дейді Мейірхан марқая түсіп.

Әр жылда Наурыз мерекесін асыға күтетін бұл отбасы әуелі әкенің шаңырағында бас қосса, одан кейін міндетті түрде Мейірханның үйіне жиналады. Ал балалары болса, мерекелік шағын концерт ұйымдастырып, ата-анасын қуанышқа бөлейді.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА.

БАР ӘЛЕМДІ ЖАЙНАТЫП...

Наурыз – шығыс елдерінің бүкілхалықтық мейрамы, Ұлыстың ұлы күні. Жер әлемді жайнатып, әнші құстарды сайратып жеткен Наурыз мерекесін №13 балалар кітапханасының ұжымы өз оқырмандары саналатын №176 мектептің 2 және 4 сынып оқушыларымен “Наурыз – біздің жаңа жыл” атты ертеңгілікпен атап өтті.

Түрлі ұлттық киім киіп, бір бірімен “Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!” деп төс қағыстырған балалар той-думанды бастап кетті. “Наурыз” әні мен жыры жырланып, “Жарапазан” айтылды, қазақы салт-дәстүрге байланысты өлең шумақтары оқылды. Оқушылар арасында өзара айтыс ұйымдастырылып, көңілді жұмбақтар шешілді, қызықты ойындар ойналды. Кітапханашы Айгүл Әбдікәрімова өзі ұйымдастырған “Наурыз – жыл басы” атты кітап көрмесінде кішкентай оқырмандарын ұлттық салт-дәстүрге байланысты шығармалармен таныстырды.

Бар әлемді жайнатып жеткен Ұлыстың ұлы күнгі мерекеге жиналған балалар қасиетті ас, ұлттық тағам – наурызкөжеден дәм татып, бір-біріне, елге тоқшылық тіледі. Күмбірлеген күй тартылып, қыздар “Маусымжан”, ұлдар “Қара жорға” биін биледі. Мереке соңында ортаға шыққан Қыдыр ата баршаға Наурыздың бақыт пен шаттық, денсаулық пен береке сыйлап, елде ақ мол болуына тілек білдірді.

Майра КЕМБІЛОВА,
аға кітапханашы.
Тасбөгет кенті.

Тілек-лебіздер

ШУАҒЫН ШАШҚАН ШАПАҒАТ

Әз Наурыздың кейінгі кездері ерекше аталып жүргеніне куә болып келеміз. Әсіресе, Тәуелсіздік алғалы ол жаңа деңгейге көтерілгені белгілі.

Наурыз туғанда ауылымызда әжептәуір той ететіні бала болсақ, та есімізде жатталып қалды. Әзиз әжелеріміз бастаған қыз-келіншектер сумаляк әзірлейтін. Бұл түрік тілімен айтқанда, тәттілерден дайындалатын тағам түрі. Сондай-ақ “пехливандар” арасында керемет сайыс өтетін. Оны түсінікті түрде айтар болсам, қәдімгі күрес, яғни палуандар белдесуі. Ауылдың абыз ақсақалдары Жер-анаға мол ырзық тілейді. Диқан қауым дақыл егуге дайындыққа кірісетін. Сонда бұл мереке тек думанның емес, еңбектің де мерекесі болғаны емес пе?

Жерлестерімді күн мен түн теңескен жаңа күн мерекесімен құттықтап, отбастарына аманшылық, еңбектеріне табыс тілеймін.

Гүлчин ГЕЙДАРОВА,
түрік этномәдени бірлестігінің
төрайымы.

НАУРЫЗ ШАТТЫҒЫ

Міне, ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мерекесіне келіп жеттік. Осынау айтулы мереке біздің айыр қалпақты ағайындар арасында да ұлттық сипатта өтеді. Өйткені, түбі бір бауыр емеспіз бе?!

Мерекеге бүкіл ауыл-аймақ болып дайындалады. Ауыздығымен алысқан сәйгүліктерді бәйгеге қосып, сөзден маржан терген дүлдүлдердің арасында айтыс өтеді. Палуандар боз кілемде күштіні анықтаса, қыз-жігіттер алтыбақан теуіп, мерекенің сән-салтанатын арттыра түседі. “Ақсүйек” ойнаудан да қалыс қалмайды.

Бүгінде көпұлтты Қазақстанды бүкіл әлем таниды. Ең бастысы – елімізде тыныштық пен молшылық орын алуда. Алла осы бағымыздан айыра көрмесін.

Сақтапберген ЖҰБАТҚАНОВ,
қырғыз этно-мәдени бірлестігінің
төрағасы.

КӨКТЕМНІҢ КӨКЖИЕГІ

Шығыс жұртының ұғымында жылдың басы болып саналатын Наурыз айы төрімізге еніп, Жер-ана жылылыққа бөленді. Ырзық-несібесін жерден терген қазақ халқы үшін бұл мезгіл аса қастерлі саналады.

Күн мен түн теңесетін шақты адам мен табиғаттың үндесетін әрі бірігетін мезеті десек, көптен кездеспеген ағайындардың бір-бірімен қауышып, ізгі тілектер айтатын кезі де осы сәт. Сондықтан тіршілік тіні түлейтін осынау мезгілдің берер шуақты шапағаты да мол екені бесенеден белгілі.

Түрлі ұлт өкілдері мекендейтін мемлекетімізде өзара татулық пен ынтымақтастық жарасым тапқаны ақиқат. Осының барлығына Елбасының сындарлы саясатының нәтижесінде қол жеткізіп отырғанымыз айдан анық. Ендеше, осы бірлігіміз баянды болғай деп тілеймін! Өлкемізге қадам басқан көркем көктемнің көкжиегі кеңейе берсін!

Галина ЩЕРБАКОВА,
“Славяне” этно-мәдени бірлестігінің
төрайымы.

ЫРЫС АЛДЫ – ЫНТЫМАҚ

Міне, жақсылықтың бастауы болған көктем мен еңбектің жарқын мерекесі келіп жетті. Ұлысқа мерей, туысқа мейір сыйлаған бұл мереке – береке мен бірліктің, мейірім мен ізгіліктің бастауы. Жер-ананы бусандырып, табиғатқа көркем рең беретін ұлық мерекеде “Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!” деп бір-бірімізге ақ жарылғап тілек білдіріп жатамыз.

Ынтымақты, ырысты тірліктердің арқасында аймақтың табысы жылдан-жылға артып келеді. Тегінде қазақ жері пана сұраған талай ұлт пен ұлысты бауырына басқан киелі мекен. Тілі басқа болса да, тілегі бір халықтарды тең атаның баласындай көріп, бір үзім нанын бөле-жармай үзіп жеген қазақ халқына алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

Өзім деген өзге ұлттарды өзекке теппейтін қазақ халқының ниеті осындай. Кеңпейіл халықта “Ырыс алды – ынтымақ, бірлік түбі – береке” деген орамды мақал бар. Ендеше, баршамыз болып осыған тоғысайық. Сондықтан бүгінгідей мерейлі мерекеде елімізге тыныштық, халқымызға амандық тілеймін.

Ғалия ҒИЗАТУЛЛИНА,
татар этно-мәдени бірлестігінің
төрайымы.

ӨЛЕҢ ӨЛКЕСІНДЕГІ ӨРНЕК

Қазақтың талантты ақын қызы, қасиетті Қазалы тумасы Шәмшия Жұбатованың есімі жырсүйер қауымға жақсы таныс. “Ана тілі” газетінде, “Жалын” альманағында қызмет еткен қаламгер бірнеше ұжымдық жинақтар мен “Махаббат кітабы” жыр жинағының авторы, көптеген жыр мүшәйраларының жүлдегері.

Заман үні мен адам құндылықтарын өлең тілімен өретін сыршыл ақын оқырман жүрегінен жарқын қолтаңбасымен орын ала білді.

Туған өлкесіне өлеңнен тұмар тағып, топырағына тағзым ете келген ақынның 28 наурыз күні сағат 11-де Ә.Тәжібаев атындағы орталық кітапханада оқырмандармен кездесу кеші өтеді.

Поэзия парасатынан рухтанып, Шәмшияның шұрайлы шығармашылығының куәсі болуға асығыңыздар, ағайын.

Р.ДУЙСЕНҰЛЫ.

ТАНЫМ

МЕН КӨРГЕН “НАУРЫЗ»

Ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастауы – Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы да келіп жетті. Тарихы тереңде жатқан мерекені күллі шығыс халқы атап өтеді. Бақ пен берекенің, мызғымас бірлік пен айнымас татулықтың негізі болған бұл күні барша жұрт бір-бірімен төс қағыстырып, ренжіскен ағайын табысып, тек жақсылыққа бет бұратыны белгілі.

Өкінішке орай, қанша заманнан бері тойланып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан айтулы күн Кеңес заманының тұсында халқымыздан біраз жыл ажырап қалды. Өткенді ұмыттыруға бағытталған солақай саясаттың кесірінен бұл мейрамды 1926 жылы атап өтуге ресми түрде тыйым салынды. Себебі, Наурыз мерекесі діни мереке деп қабылданды. Дегенмен, тәуелсіздік таңы қарсаңында егемен ел атанған кезден бастап мейрам қайта жаңғырып, ұлтымыздың ұлықтығын паш етті. Ұлы күнді тойлауға тыйым салғанмен, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін ұлықтаудан танбаған халқымыз мерекені тойлаудан бас тартқан емес. Осы ретте бізде Кеңестік дәуірдің бел ортасында өмір кешкен қариялармен тілдесіп, өздерінің көрген наурызы жайында сұраған едік. Әңгіме төмендегідей өрбіді.

Ыбырайым Өмірзақов, ардагер 94 жаста. Менің балалық шағымдағы Наурыз мерекесінің аталып өткені есімде жоқ. Себебі, ол кез нағыз ашаршылықтың тұсы болатын. Алмағайып заманда наурызды тойлау қайдан болсын?! Әркім өз жанын күйттесе, біздің отбасы, ағайын-туысқандар Тәжікстанға жер аударылып кеттік. Ұлыстың ұлы күні барлық мұсылманға ортақ мереке болғасын бұл күні ол жақта кішігірім көже дайындап, ағайындар бір-бірін құттықтап, оң болсын айтатын. Наурызкөжені қолда бар аспен әзірледі. Бірақ қазіргі күнгідей ат шаптырып, ұлан-асыр мерекелеу болған емес. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманда өмір сүріп жатқан бүгінгі ұрпақ бақыттысыздар. Тәуелсіздігіміздің арқасында барлығына қол жетімді. Қарнымыз тоқ, көйлегіміз көк. Осындай күнге жеткеніме шүкіршілік етемін. Біз көрген қасіретті кейінгі ұрпақ көрмесін. Әрдайым еліміз аман, жұртымыз тыныш болса екен деймін.

Жанәбіл Нұрқышев, ардагер. Жер дүниені қайта түлеткен Наурыз – жалпыхалықтық мереке. Жаңа күннің бастауы деп есептеген халқымыз мерекені ерекше

ықыласпен қарсы алады. Бір кездері бұл күнді атап өтуге тыйым салғаны белгілі. Десек те, есімде қалғаны ауылда ішінара тойлайтын. Көше бойына орналасқан үйлер наурызкөжесін жасап, көршілер үй-үйді аралап, астан дәм татып жатады. Сондай-ақ, ренжіскендер татуласып, төс қағыстырып, бір-бірлеріне жылы лебіздерін айтып, келер жылға аман-есен жетуге тілектерін білдіреді. Қазақ болған соң, оның үстіне ата-бабамыздан келе жатқан ұлық мереке болғаннан кейін тойлауға тыйым салғанына қарамастан, ел-жұрт мерекелейтін. Дегенмен, халықтық деңгейде тойланғанын көргенім жоқ. Бертін келе, өз қолымыз өз ауызымызға жеткеннен кейін ғана ресми түрде атап, республика бойынша тойланып жатыр. Жалпы Наурыз мерекесінің бізге берері мол.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

ЖАҢА КҮН

ЖЫЛ БАСЫ, ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАРШЫСЫ – ӘЗ НАУРЫЗ

Қытымыр қыс қанша қаһарланса да, күннен-күнге күшінен айырылып келеді. Кеш кірген қыстың ұзағырақ аялдайтынын білсек те, айналамызда әлі күнге күртік қар жатса да, ерте көктемнің желі қыстағыдай ызғарлы емес. Әне-міне дегенше күн мен түн теңесіп, Табиғат-анада жағымды өзгерістер орын алатыны белгілі.

Ескі көз қариялардың айтуынша, әз Наурыздың хабарын, яғни көктен жіберілген гүілді алдымен жұмақтан келген қой жарықтық еститін көрінеді. Тынығып жай жатқан қойлардың кенет бастарын көтерісін алған оқыс қимылын қойшы байқайды. Көктен келген дыбыс жылдың жаңарғанын, алты ай қысты алты ай жаз басатынын білдіреді. Дәл сол мезетте балық аунап түседі екен, тышқан інінен шығып, айналасын барлап қайтады. Егер ол алысырақ барса, көктем жылы болады деп, ал ұзамаса, суық болады деп жорамалданады. Қар көбесі сөгілген тау бөктерінде, далалы аймақтарда көктемнің алғашқы нышаны наурызгүл бой көтереді. Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағына титықтап жеткен ел табиғаттағы мұндай жаңалықтарды қуана қабылдайды. Себебі мұның бәрі ел Наурыз атап кеткен жаңа күннің белгісі болып табылады. Исі мұсылман халықтарының ықылым замандардан бері тойлап келе жатқан ұлық мерекесі Наурыз – жаңа жылдың басы, құт-береке нің бастауы.

Жаңаның хабаршысы, жақсылық жаршысы әз Наурыз қазақ елі үшін қашан да қасиетті, киелі саналған. Жаңарған жылдың жақсылығынан үмітті әрбір адам алдымен пейілін түзеп, өз басын, үй ішін, қорақопсысын тазартып, жаңа киімдерін киіп, көрші қолаң, ағайын-туысты жаңа жылмен құттықтайды. Ер-азаматтар қос қолдасып амандасып, төс қағыстырса, әйелдер жағы құшақтасып, бір-біріне игі тілектер айтады, арнайы даярланған дастарқаннан дәм ауыз тиюге, наурызкөже ішуге шақырады. Алтыбақан басында ән айтылып, күй тартылады. Дәстүрлі ұлттық ойындар (көкпар, аударыспақ, қыз қуу, алтыбақан, тең көтеру, т.б.) ойналады. Таң ата көпшілік биік төбенің басына шығып, атқан таңды қарсы алады. Таң шапағын ақ тілеулі батамен қарсы алған ел алғаш рет соқа салады, жігіттер жағы бұлақ көзін ашып, ағаш егеді.

Осы күні ауыл ақсақалдары араларына жік түскен бауырлас ел, руларды, ағайын, дос-жарандарды бір дастарқаннан дәм таттырып, табыстырған, жалғыз-жарым жетімдерді үйлендіріп, сауабын алған. Кембағал, мүгедектерді жақын туыстарының қарауына арнайы міндеттеп тапсырған. Жұтқа ұшырап қинағандарға жылу жинап берген. Бұл күні Самарқанның көк тасы ериді. Тіршілік түйткілдерімен бір-біріне өкпе артқандар “Самарқанның да тасы еріді ғой, сен тастан қатты емес шығарсың” деп татуласуға ниет білдіреді екен. Осы күні құл құрықтан, күң сырықтан құтыламын, аш тойынамын, жетім жадыраймын деп үміттенеді. Хан мен қара бір дастарқан басынан дәм татып, бір-біріне тілек айтады.

Бұдан жылды жаңарта келетін әз Наурыздың барша жақсылық пен игілік атаулының бастауы екенін көруге болады: ол – күн мен түнді теңгеретін жыл басы, ол – бірлік пен ынтымақ мерекесі, ол – кешірім мен татулық күні, ол – мейірімділік пен шапағат бастауы. ол – сауап жинап, Алланың ризалығына бөленетін мейірлі күн, ол – хан мен қараны теңестіретін теңдік мейрамы, ол – тіршілікке жан бітіріп, әлемді дүр сілкіндіріп оятатын сергектік шағы... Қай жағынан алып қарасаң да, жақсылық, жаңалық, жағымдылық байқалатын Ұлыстың ұлы күні халқымызға құт әкелсін! Ел көңіліне кірбің салған қиындықтар ескі жылмен артта қалсын, көшпелі жұрт қадірін біліп, ардақтаған Арғымақ жылы сүйінші хабарлар мен зор табыстарды арқалап, төрімізге озсын!

Гүлсая ИСАЕВА,
№8 “Қызғалдақ” балабақша әдіскері.
Қармақшы ауданы,
Тұрмағанбет ауылы.

ФҰМЫРДАРИЯ

ЖҮЗ ЖАСАҒАН ЖАҢЫЛ ӘЖЕ

Арғын руының алқа билерінің бірі болған Ахмет атамыздың аты күні бүгінге дейін ел аузында болса керек-ті. Қолының дертке шипа қасиеті ел ішінде түрлі аңызға айналған, құдіретті қыл қобызбен талай жанның бойына ем дарытқан жан екен. Жары Нәлікүлдің іскерлігі мен қонақ күту ілтипатына талай атқа қонған ағайын-жұрты тәнті болыпты. Күндердің күнінде сол үйге Бапай ақын келіп қонақ болады. Келген мейманынан қонаққәде сұрағанда арқалы ақын отанасына ән арнап шығарыпты.

“Әйел бар ма өмірде Нәлікүлдей,
Қалпында тұр екенсің әлі гүлдей...” – деп басталатын сол әннің өлең жолдары бүгінгі бізге де жетті. Есігінен мейман үзілмеген үйдің қашанда берекесі мол болары сөзсіз. Дүние мүлкі мол болса да, малы қораға толса да, Алла оларды бір перзенттің үніне зар қылыпты. Жарық дүниенің есігін ашар-ашпастан шетінеп, баласы балағына тұрмапты. Осындай қиын күндерде Ахмет атамыз қазақтың ырымдарын жасап, Алладан тілеп, әулие-әмбиеге құран бағыштап, құрбан шалады. Көп ұзамай-ақ, Нәлікүл жеңгемізге шарана бітеді. Атамыз күндіз-түні бір Алладан тілек етіп, “айтып келмейтін ажал осы жолы сырт айналып, жолынан адасып, жаңылсын” – деген ниетпен нәрестенің атын Жаңыл деп қойған екен. Ақ тілегін Алла қабыл етіп, Жаңыл апамыз аман-есен қалады. Ахмет атамыз Жаратушымыздың құдіретіне басы жерге тигенше ризашылығын білдіріп, шүкіршілік етіп, жетім мен жесірлерге көмегін беріп, елдің алғысына бөленеді. Жасы келіп, көз жұмар шаққа таянғанда, ағайын-бауырмен тілдесіп, кешулесіпті.

– Ал, Ахмет аға, енді қандай арман-тілегің бар? – деп сұрағанда:

– Мен Аллаға ризамын. Ендігі жерде Жаңылымның жасы ұзақ болса игі еді! – депті.

Міне, сол Жаңыл апамыз ғұмырлы болып, биылғы жылы 100 жастан әрі асып отыр. Осындай айтулы жасқа келгенше өмірдің небір соқпақты жолымен жүріп өтті. Ашаршылықтың азабын, соғыстың зардабын, тарихи аумалы-төкпелі замандарды, қиыншылықты да, қуанышты да тең көрді.

Қоңырат елінің Құрбан атадан тарайтын Киікші руына келін атанып, ақ орамалын маңдайына тақ ңаны сол еді, соғыстың оты тұтанып, күйеуі Байкенжеев Міркен Отан қорғауға аттанады. Ал, өзі қайғы жұтып, қайын апасымен бірге қалады.

Соғыс ұзаққа созылып, елдегі әйелдерді де тыл жұмыстарына әкетіп жатады. “Апам қайда болса, мен де сонда боламын” деп қайсарлық танытып, Жаңыл да тыл еңбектерін істеуге аттанады. Көп ұзамай-ақ екеуін бөліп жібереді. Апасын Қарағандыға, Жаңылды Жезқазған-Суэц каналдарын қазу жұмыстарына аттандырады. Жаңыл апамыздың айтуынша, Жезқазғанда терең су жүретін каналдарды әйелдер өз қолдарының күштерімен, ешқандай техниканың көмегінсіз қазып шыққан. Кей күндері шаршап-шалдыққанда естерін жия алмай, әбден зорығып, каналдың ішінде ұйықтап қалады екен. Бүгінгідей көліктер жоқ. Шанамен аспазшы қыздар шай тасып, тамақтандырады. Боранды күнде шана қатынай алмай, ас-ауқатсыз қалатын да күндер болған. Бір күн аш, бір күн тоқ. Темірдей қатал тәртіпке бағынып, тән азабы мен жан азабын қатар тартады. Белуардан балшық кешіп, шаң топырақты жұтып, аянбай еңбек ете білген аналардың арман-тілегі ортақ. Ұрпағымыз, бауыр еті балаларымыз азат, тәуелсіз елде өссе екен деп, ерлермен бірдей еңбек етті.

Майданда ерлік көрсетіп, Міркен ата да, елде еңбек етіп Жаңыл апа да ажал аузынан аман оралып, қайтадан қауышып, шаңырағын қайта тіктейді. Қазіргі таңда алты ұл-қызынан 22 немере, 5 шөбере және 3 шөпшек сүйген асыл әже Жаңыл бір әулеттің шырағына айналып отыр.

Соғыстан кейінгі жылдардағы ауыртпалықты да басынан өткізді. Бала-шаға қамы үшін қиын сала мал шаруашылығына араласты. Күндіз-түні қой күзетіп, еңбек етті. Қатал талап бойынша 100 бастан 110 бас төл алу мақсат болды. Жазғы демалыста ересек ұлдары шопандарға шөп үлестіріп, ата-анасына жәрдем етті. Жастайынан еңбек дәмін сезінген сол балалары өмірден өз орындарын таба білді. Қолдың қысқалығынан асыл ана балаларына сапалы тәрбие бергенімен, үлкен оқу орындарында оқыта алмады. Алайда қазір немерелерінің білім жолына түскеніне тәубе етеді. “Тәуелсіз елдің ұланына лайық болыңдар!” деп, ылғи бата беріп отырады.

Бүгінгі таңда қарт ана кенже ұлының қолында ақжайма мамықтың үстінде бейне бір ханшайымдай отырған жайы бар.

...Жақында аудандық мәслихат депутаттары Мәжит Балқожаев, Талғат Мамуов, ауыл әкімі Әлібек Абдуллаев ғасыр жасаған әженің отбасына барып, мерекемен құттықтады, сый-сияпат жасады. Омырауында медальдары жарқыраған әз әженің әңгімесіне біз де риза болып, ақ батасын алып қайттық.

Мақпал МАРҚАБАЙҚЫЗЫ.
Жаңақорған ауданы,
Кеңес ауылы.

ДАСТАРҚАН

ҰМЫТЫЛҒАН ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАР

Тамақтың бабын қазақтай жасаған халық жоқ шығар? Сондықтан да болар, оның жасалу технологиясын қатаң сақтай білгендіктен халқымыздың ұлттық тағамдарының қайсысы болмасын аса дәмді, денсаулыққа пайдалы. Алайда, біздің ұлттық тағамдарымыз бен оларды жасау технологиясы арнайы зерттеуді қажет етеді. Бүгінде ұлттық дастарқанымызда орын алатын тағам түрлері көп. Бірақ, ұмыт қалған дәмдеріміз де баршылық.

Тоңазытқышы жоқ заманның өзінде ірі қараның етін бұзбай сақтау, жаздың күндері малдың сүтін ашытып алмай, сан түрлі тағамдар жасау халқымыздың кемеңгерлігін көрсетсе керек. Иә, ғасырлар бойы жасап, әзірлеу әдістерін қапысыз жетілдірумен болған ұлттық тағам түрлері – ұлттық мәдениетіміздің бөлінбес бір саласы. Осы орайда ұлтымыздың ұмыт болған тағам түрлерінің бірнешеуіне тоқтала кетейік. Мәселен, қарын бөртпе туралы көп біле бермейміз. Аты айтып тұрғандай, бұл қарынға салынып пісірілетін ұлттық тағам. Оны пісіріп дайындау үшін жас ет туралады. Сүйектері ұсақталып шабылады. Сосын айналдырылған қарынға тұз, бұрыш, жуа қосылып, аузын мықтап буады да қазанға салып, суға қайнатады. Оның дәмі қазанға асқан еттей емес, дәмді, хош иісті әрі жұмсақ болады. Қарынның ішінде пісірілгендіктен өз нәрі өзіне сіңеді. Бұл кәделі тағамдар қатарына жатады.

Бұқпа – марқаның етінен пісірілген дәмді әрі жеңсік тағамдардың бірі. Кейде бір үйге сирек келетін, шақырып келтіре алмайтын сыйлы азаматтар келіп қалады. Мұндай кісілерге бір тоқтының басын көрсетпесе, салт-дәстүр, жөн-жосық бойынша үй иесінің азаматтығына сын. Алайда, уақыттың тығыздығына орай сыйлы қонаққа бас тартылғанмен, пара-пар жеңсік ас бұқпаны ұсынған. Оның жасалу жолына келсек, марқаның терісі сыпырылғаннан кейін, жіліктері мен омыртқалары өткір балтамен шабылады да, қазанға салынады, аздап су құйылады. Қазан беті тығыз жабылады. Ет өз буымен пісу керек. Кейде оның дәмін арттыра түсу үшін қаймақ салған. Піскен етті нан салмай-ақ қонақтар алдына қояды.

Ұмытылған ұлттық тағамдарымыздың бірі – сүмесүт. Ол кейде сүттік деп аталады. Оны көпті көрген қариялар болмаса, жұрттың бәрі біле бермеуі мүмкін. Бұл үшін марқаның жүнін мейлінше тықырлап, қырқып алып сояды. Терісін сыпырып алғаннан кейін оның жүнін күйдіріп жібермей тағы да қайта үйітеді. Үйітілген теріні күйеден, шаң-тозаңнан тазартып жуады. Артық етін сыдыртады. Енді теріні қойдың қою сүті құйылған қазанға салады да баппен қайнатады. Қайнаған сәтте тері сүтті бойына сіңіріп жұта бастайды. Сүт азайған сайын қазанға еселеп сүт құйып отырады. Тері неғұрлым піскен сайын сүтті молынан сіңіре береді де қалыңдығы бармақтай болып ісіне түседі. Тері әбден “тойғаннан” кейін сүтті әрі қарай сіңірмейді. Бұл сүмесүт дайын болды деген сөз.Осыдан кейін оны алып суытады. Енді бұрынғыдай тері емес, қалың әрі өн бойы сүтке толған жұмсақ желін тәріздес тағам дайын болады. Мұны енді сығылмайтындай етіп, дәмі шықпайтын ыдыстарға салып, күн түспейтін салқын жерде сақтайды. Сүмесүтті бір жапырақ тіліп, ұзақ жолдарда баланың аузына салып қояды. Сәби болса, ана сүтін емгендей балбырап жата береді.

Май шұрқан – бұл тағамды қазақтар семіз ет, құйрық, өкпе, бүйрек салып қайнатып, тұз салып, үстіне талқан немесе ұн, құрт қосып майлы тұздығымен жеген. Ол көбіне жорықта әзірленген. Май шұрқанды пешке салып та пісірген.

Түймеш бүгінде бұл тұшпара деген атпен өзге халықтардың ұлттық тағамы ретінде ұсынылады. Негізінде бұл түймеш біздің ұлтымызда да бар. Ертеректе қазақтар соғымның сүр етінен түймеш, жентек, парша деген тағамдар жасаған. Ол үшін етті арнайы дөңбекке салып, ағаш балға, қолтоқпақ сияқты ұрғылармен жаншып етті ұсақтаған. Түймештелген етке бидайдың немесе тарының талқанын қосып, илеп қатырады да, ет мұздау үшін керсенге салып сақтайды. Осыдан кейін барып, етті қамырға салып түйеді. Міне, бұл тағамды қазақтар “түймеш” деп атаған. Оны көбіне, ұзатылатын қызға түйіреді. Келген құдалар қыздың түймешіне қарап, оның ұқыптылығын байқайтын болған.

Қазірде ұлттық тағамдарымыздан гөрі дайын сатып ала салатын тағамдарды мәзір етіп қою арқылы қонақтарды күтеміз. Тіпті, күнделікті тұтынып жүрміз. Алайда ұлттық асхананың насихатын арттырып, ұмыт бола бастаған қазақтың тағамдарын жетілдіре түссе болады. Сонда біздің дастарқанымыз қазақиланып, астың сапасы артып, ерекшелене түсері анық.

Дайындаған:
Айсәуле САҒАТБЕККЫЗЫ.

ЖАҢҒЫРЫҚ

ҚАЗАҚТАН ШЫҚҚАН ЕКІНШІ БЕЙБАРЫС

Қат-қабат күйкі тірлік пен сықиған қызметтің арасынан саңылау тауып, қолтелефонымдағы фейсбукқа да сығалап қоям. Өзім бірдеңе жазып қарқ қылмаймын, бірақ жұрттың жазғанына көз жүгіртем.

Әлем жаңалықтарынан бастап ауылдағы екеуара әңгімеге дейін алдыңа тізіп беріп отырған “фб”-ның белсенді авторлары бар. Енді ештеңе таба алмаса, қарындастарымыз өзінің әр түрлі суретін салып, “күлгенім сұлу ма, жылағаным сұлу ма...” деп басқалардың назарын аударғанды місе тұтады. Бір саусақпен сүйкеп жібересің, арзан сөздер зырылдап жоқ болады. Ал, көңілді ерекше күйге бөлейтін жазбалардың жөні бөлек.

Мен мына төмендегі мақаланы астаналық Ғани Жәпішев дейтін азаматтың жеке парақшасынан кезіктірдім. Ұлттық рухты көтеретін осындай деректі іздеп тауып, көпке жариялағаны үшін өзіне алғысымды да білдірдім.

Абдолла қажы атамыз жөнінде жазылған осы мақаланы мен алыс ауылдағылар оқысын деген ниетпен “Сыр бойына” көшіріп басуды жөн көрдім.

***

Абдолла қажы Сарыұлы Әл-Бұқари – қазақтың екінші Бейбарыс сұлтаны. Араб елінде Бейбарыс сұлтаннан кейін, Сауд елі патшасының оң қол уәзірлігіне және Мекке қаласының әкімі лауазымына дейін көтерілген, қасиетті Байтолланың үстіне жамылған кілемді алмастыру бақытына ие болған қазақ, Сауд-Арабия еліне «Еңбегі сіңген генерал», министр дәрежелі әскери басшы. Сонымен бірге түркі, қазақ жұртына танымал қажылардың қамқоры, Моңғолиядағы Баянөлгей орталық мешітін салдырған ұлтшыл азамат.

Абдолланың өз есімі – Шәкен Сарыұлы. 1927 жылы Қытайдағы өр Алтайдың Шіңгіл ауданында туған, Орта жүз Керей ішіндегі Сарбас руынан. 1940-жылы қазақты қынадай қырған дұңған Мафуфаңның талауына түсіп, 13 жасында туған елінен айырылып, саудагер ұйғырға сатылып кеткен. 1941 жылы сол ұйғырмен бірге Сауд-Арабияға барып, сонда қалған. Міне, осылайша Бейбарыстың тағдырын қайталаған тағы бір алып тұлға өмірге келді.

Әкесі Сары атасы Үрзікенің қол астында балуан, батыр, ежет мінезді, елпек болып, ағасы Буратайдың ел басқаруындағы бас қолғанатына айналған. Әкесі Сары Үрзікеұлы, кең иықты, қапсағай денелі, Буратай ауылының 500 жылқысын шырғасын шығармай қайыратын мықты палуан екен.

Анасы Зәуке – Керей, Жәнтекей ішінде Тасбике, атақты Әліп батырдың немере туысы Құсайын Тәйжінің қызы. Қоңқақ мұрын, сарғыш келген, биік бойлы, қайратты да мығым әйел болған. Жастайынан еркекше киініп, жылқы баққан екен.

Әйелі Замзия – араб қызы. Ұлдары – Байсал, Адынан, Әділ. Қыздары – Нәдия, Әбдісәм, Сәмия, Әриш. Бұрынғы әйелінен туған бір қызы болған, есімі белгісіз.

Шәкен Сарыұлы 1941 жылы асырап алған ұйғыр әкесімен бірге Сауд-Арабия еліне келген. 1942 жылдан бастап Мекке қаласындағы жетім балалар үйінде тәрбиеленген.

1946 жылы Мекке қаласындағы Мемлекеттік әскери университетке қабылданады. Шәкен оқу бітіргесін Мекке қаласында жол сақшысы болып істеген. Кейін Шекара Қорғаныс армиясында, Шекара Қорғанысының есірткімен күрес бөлімінде маңызды қызметте болады. Екі рет мемлекет тарапынан марапатталған. Атап айтқанда, «Ерекше еңбегі үшін» марапаты мен «Мемлекетке еңбегі сіңірген генерал» атағы беріліп, Министр дәрежелі әскери қызметкерге айналады. Өткен ғасырдың 70-ші жылдары Мекке қаласының әкімі міндетін 10 жылға таяу атқарған, кейін Сауд патшасының көмекшісі, уәзірі қызметіне дейін көтерілген. 1992 жылы зейнетке шығып, туған жері Баркөл Қазақ Автономиялы ауданына барып, ағайын арасында болған екен.

Өз өмірінде 39 мәрте қажылық еткен Шәкен қажы Сарыұлы 2000 жылы Сауд-Арабияның Жидда қаласында 73 жасында дүниеден өтті.

***

Қайран қазағым-ай, өзге елде сұлтан болса да, өз топырағына тәу етіп кеткен асылдарым-ай. Біздің халқымыздың ұлылығы да бұл!

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ.

Қызылорда облысының әкімі Қ.Көшербаев және Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректоры Қ.Бисеновтің қолдауымен университеттің оқытушылары Б.Еңсепов пен У.Ибраев қаңтар айының 4-і мен 12-сі аралығында Тәжікстан Республикасының астанасы Душанбе қаласында болып, Орталық мемлекеттік мұрағатта жұмыс жасады. Соның нәтижесінде мемлекет және қоғам қайраткері Т.Жүргенов туралы тың деректер мен суреттер табылды.

Темірбек Жүргеновтің Тәжік еліндегі қызметі

(Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты құжаттары бойынша)

XX ғасырдың 20-30 жылдарында Қазақ елінің білімі мен ғылымын және де жаңа социалистік мәдениетін қалыптастыруда, сонымен бірге жоғары мектептің негізін қалауда Темірбек Қараұлы Жүргеновтің еңбегі ерекше. Ол 1898 жылы Қызылорда облысы Жалағаш ауданының Жаңаталап елді мекенінде дүниеге келеді. Темірбек алғашқыда Мұхаметжан деген ауыл мұғалімінен сабақ алып, кейіннен шығыс тілінің білгірі, ақын Тұрмағанбет Ізтілеуовтен оқуын жалғастырады. Ақын Тұрмағанбет Ізтілеуовтен Темірбек, парсы, өзбек, тәжік тілдерін меңгеріп, шығыс әдебиетін бойына сіңіреді. Темірбектің әкесі Қара баласының білімге деген құмарлығын байқап, зеректігін ескеріп, он жасында оны екі сыныптық орыс-қазақ Аламесек мектебіне оқуға береді. Темірбек Аламесек мектебін 1913 жылы бітіріп, сол жылы Перовскідегі Суханский атындағы қалалық жоғары орыс-қазақ училищесіне оқуға түседі. Училищені 1917 жылы бітіріп, сол жылы Уфадағы жер өлшеу училищесінде білімін жалғастырады. Бірақ 1918 жылы басталған азамат соғысы салдарынан оқу орны жабылып, ендігі кезекте Темірбек бар ынта-жігерімен саяси өзгерістер мен жаңарулар алдында тұрған елінің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласып кетеді. 1918-1921 жылдары Торғай, Ырғыз, Ақмешіт өңірлерінде түрлі кеңес қызметтерін атқарады [Өзбекстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты 86-қор, 1-тізбе, 671-іс]. Ол 1918 жылы Торғайда «Қазақ мұны» газетінің жауапты хатшысы болып, 1920 жылы коммунистік партия қатарына өтеді. 1921 жылы Темірбек Орынбордағы жұмысшылар факультетіне оқуға түсіп, оны 1923 жылы аяқтағаннан кейін, оқуын жалғастыру мақсатында Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің заң факультетіне түседі. Бұл кезде университет 2 мыңнан астам студенті және 370 профессор мен оқытушысы бар ірі оқу орнына айналған-ды. Университетте оқып жүріп Т.Жүргенов түрлі қоғамдық-саяси, ғылыми ізденіс жұмыстарымен айналысып, күллі Түркістанға танымал қайраткер дәрежесіне дейін жетеді[XX лет Среднеазиатского государственного университета (1920-1940), Ташкент: Гостехиздат УзССР, 1940. -355 с.].

аудандар мен Қызылорда қаласы бойынша мәдениет ұйымдарының қолданыстағы желісінің түрлері бойынша (елді мекендер бойынша) талдау (мәдениет нысандарының жоқтығы, ғимараттардың жағдайы, құрылыстың қажеттілігі және т.б.);

басымдық бағыттарды және оларды шешу кезектілігін айқындау;

қаржыландыру көздерін айқындау;

инвестициялық жобалар тізімін қалыптастыру.

2) Мәдениет нысандары құрылысында негізгі бағыттар болып мыналар табылады:

апаттық жағдайда тұрған нысандардың мәселелерін шешу;

«Қызылорда облысының мәдениет басқармасы» мемлекеттік мекемесі аудандар мен Қызылорда қаласы әкімдерімен бірлесе отырып, ғимараттардың техникалық жағдайына қарай апаттық жағдайда тұрған мәдениет нысандарының тізімін қалыптастырады;

өз алдына ғимараты жоқ елді мекендердің мәселелерін шешу;

«Қызылорда облысының мәдениет басқармасы» мемлекеттік мекемесі аудандар мен Қызылорда қаласы әкімдерімен бірлесе отырып, мәдениет нысандары жоқ елді мекендердегі тұрғындар санына қарай мәдениет нысандарының тізімін қалыптастырады.

ыңғайластырылған ғимараттарда орналасқан мәдениет нысандарының проблемасын шешу;

«Қызылорда облысының мәдениет басқармасы» мемлекеттік мекемесі аудандар мен Қызылорда қаласы әкімдерімен бірлесе отырып, елді мекендердегі тұрғындар санына қарай ыңғайластырылған ғимараттарда орналасқан мәдениет нысандарының тізімін қалыптастырады.

тіректі елді мекендерде орналасқан нысандардың мәселесін шешу.

6. Мәдениет нысандарына қажеттілікті айқындау барысында мыналарды ескеру қажет:

Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарымен белгіленген сфераның (саланың) даму басымдықтарына сәйкестігі;

мәдениет ұйымдарының қолданыстағы желісі (қуаттылығы, нақты толуы және олардың техникалық жағдайы);

халық санының өсуі және тығыздығы, болжамдалып отырған халық саны;

өңірлердің географиялық орналасуы (табиғи – географиялық өзгешелігі);

тұрғындар тұрып жатқан жерлер мен ауылдық елді мекендерден ауылдық аумақтарда тұрып жатқан халықтардан мәдениет нысандарының алыстығы.

1) Мәдениет нысандарына қажеттілікті айқындау кезеңдері:

аудандар мен Қызылорда қаласы бойынша мәдениет ұйымдарының қолданыстағы желісінің түрлері бойынша (елді мекендер бойынша) талдау (мәдениет нысандарының жоқтығы, ғимараттардың жағдайы, құрылыстың қажеттілігі және т.б.);

басымдық бағыттарды және оларды шешу кезектілігін айқындау;

қаржыландыру көздерін айқындау;

инвестициялық жобалар тізімін қалыптастыру.

2) Мәдениет нысандары құрылысында негізгі бағыттар болып мыналар табылады:

апаттық жағдайда тұрған нысандардың мәселелерін шешу;

«Қызылорда облысының мәдениет басқармасы» мемлекеттік мекемесі аудандар мен Қызылорда қаласы әкімдерімен бірлесе отырып, ғимараттардың техникалық жағдайына қарай апаттық жағдайда тұрған мәдениет нысандарының тізімін қалыптастырады;

өз алдына ғимараты жоқ елді мекендердің мәселелерін шешу;

«Қызылорда облысының мәдениет басқармасы» мемлекеттік мекемесі аудандар мен Қызылорда қаласы әкімдерімен бірлесе отырып, мәдениет нысандары жоқ елді мекендердегі тұрғындар санына қарай мәдениет нысандарының тізімін қалыптастырады.

ыңғайластырылған ғимараттарда орналасқан мәдениет нысандарының проблемасын шешу;

«Қызылорда облысының мәдениет басқармасы» мемлекеттік мекемесі аудандар мен Қызылорда қаласы әкімдерімен бірлесе отырып, елді мекендердегі тұрғындар санына қарай ыңғайластырылған ғимараттарда орналасқан мәдениет нысандарының тізімін қалыптастырады.

тіректі елді мекендерде орналасқан нысандардың мәселесін шешу.

6. Мәдениет нысандарына қажеттілікті айқындау барысында мыналарды ескеру қажет:

Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарымен белгіленген сфераның (саланың) даму басымдықтарына сәйкестігі;

халық санының өсуі және тығыздығы, болжамдалып отырған халық саны;

өңірлердің географиялық орналасуы (табиғи – географиялық өзгешелігі);

тұрғындар тұрып жатқан жерлер мен ауылдық елді мекендерден ауылдық аумақтарда тұрып жатқан халықтардан мәдениет нысандарының алыстығы.

1) Спорт нысандарына қажеттілікті айқындау кезеңдері:

аудандар мен Қызылорда қаласы бойынша спорт ұйымдарының қолданыстағы желісінің түрлері бойынша (елді мекендер бойынша) талдау (мәдениет нысандарының жоқтығы, ғимараттардың жағдайы, құрылыстың қажеттілігі және т.б.);

басымдық бағыттарды және оларды шешу кезектілігін айқындау;

қаржыландыру көздерін айқындау;

инвестициялық жобалар тізімін қалыптастыру.

2) Спорт нысандарын қамтамасыз ету, оларды ұтымды пайдалану мәселесін шешу;

Спорттық ғимараттары жоқ елді мекендердің, аудан орталықтарының, тіректі елді мекендердің және мамандандырылған спорт түрлерін дамыту бойынша мәселелерді шешу;

«Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі аудандар мен Қызылорда қаласы әкімдерімен бірлесе отырып елді мекендердегі тұрғындар санына қарай спорт нысандарының тізімін қалыптастырады.

3. Бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша инвестициялық ұсыныстар тізімін қарау және қалыптастыру

8. Бюджеттік бағдарлама әкімшілері аудандар мен Қызылорда қаласы әкімдерімен бірлесе отырып тиісті салалық органдарымен инвестициялық ұсыныстар тізімін қалыптастырады және ұсынады.

9. Инвестициялық ұсыныстардың мазмұнына талаптар Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік Кодекспен, «Бюджеттік инвестициялық жобаларды қарау, іріктеу, мониторинг және іске асыруды бағалау Ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 17 сәуірдегі № 545 қаулысымен айқындалған.

10. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі облыстық уәкілетті орган бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің инвестициялық ұсыныстарын қарап, облыстық бюджеттік комиссияға олар бойынша қорытынды дайындайды.

11. Облыстық бюджеттік комиссиямен мақұлданған инвестициялық жобалардың инвестициялық ұсыныстары бойынша бюджеттік жоспарлау бойынша облыстық уәкілетті орган жобалық- сметалық құжаттама әзірлеп мемлекеттік сараптамадан өткізу үшін бюджеттік инвестициялық жобалар тізімін қалыптастырады.

4. Білім, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт нысандарының қаржыландыру көздерін айқындау

12. Білім, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт нысандары құрылысының қаржыландыру көздерін айқындау қолданыстағы нормативтік құжаттар негізінде жоспарланған нысанның жоспарлы қуаттылығына сәйкес іске асырылады.

13. Білім нысандарының қаржыландыру көздерін айқындау барысында мыналарды ескеру қажет:

республикалық бюджет есебінен:

қуаттылығы 300 орындықтан асатын, бұзылуға жататын, апаттық ғимараттардың орнына ауылдарда және қалаларда оқу процесі 3 ауысымда өтетін жалпы білім беру мектептерінің құрылысы;

аудан және облыс орталықтарында қуаттылығы 280 орындық және одан да жоғары мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының құрылысын қаржыландыру ұсынылады.

Жергілікті бюджет есебінен ауылдарда және қалаларда қуаттылығы 300 орындық және одан төмен жалпы білім беру мектептерінің, сонымен қатар қуаттылығы 280 орындыққа дейін мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының құрылысын даму бюджетінің шегіне қарай қаржыландыру ұсынылады.

14. Денсаулық сақтау нысандарының қаржыландыру көздерін айқындау барысында мыналарды ескеру қажет:

республикалық бюджет есебінен:

қуаттылығы 100 төсек орынды және одан да жоғары көпсалалы ауруханалар, өкпе ауруларына қарсы және онкологиялық диспансерлер, сонымен қатар жүкпалы аурулар ауруханасының құрылысы;

қуаттылығы ауысымына 250 және одан да жоғары адам қабылдайтын амбулаторлық-емханалық ұйымдардың құрылысын қаржыландыру ұсынылады.

Жергілікті бюджет есебінен қуаттылығы 100 төсек орынға дейінгі ауруханалар, қуаттылығы ауысымына 250 адамға дейін бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін денсаулық сақтау нысандары, дәрігерлік амбулаториялар, фельдшерлік- акушерлік пункттер, медициналық пунктілер құрылысын даму бюджетінің шегіне қарай қаржыландыру ұсынылады.

15. Мәдениет нысандарының қаржыландыру көздерін айқындау барысында мыналарды ескеру қажет:

республикалық бюджет есебінен:

қуаттылығы 300 орындықтан жоғары мәдениет үйлерінің құрылысы;

қуаттылығы 200 мың дана кітап сақтайтын кітапханалардың құрылысын қаржыландыру ұсынылады.

Жергілікті бюджет есебінен ауылдық клубтардың құрылысын даму бюджетінің шегіне қарай қаржыландыру ұсынылады.

16. Спорт нысандарының қаржыландыру көздерін айқындау барысында мыналарды ескеру қажет:

республикалық бюджет есебінен:

спорттық-сауықтыру кешендерінің құрылысы;

орталық ипподромдардың құрылысы;

орталық стадиондардың құрылысы;

мамандандырылған спорт нысандарының құрылысын қаржыландыру ұсынылады.

Жергілікті бюджет есебінен спорттық залдар, спорттық алаңдар құрылысын даму бюджетінің шегіне қарай қаржыландыру ұсынылады.

17. Бюджеттік бағдарлама әкімшілері аудандар мен Қызылорда қаласы әкімдерімен бірлесе отырып, нысандардың жоспарлы қуаттылығын өзгерту бойынша ұсыныстарды бюджеттік жоспарлау бойынша облыстық уәкілетті органға енгізген жағдайда, бұл мәселе облыстық бюджеттік комиссия отырысына шығарылады. Облыстық бюджеттік комиссиясымен қолдау тапқан жағдайда тиісті өзгерістер мен толықтырулар облыс әкімдігінің қаулысына енгізілетін болады.

5. Мемлекеттік – жеке меншік әріптестік

18. Ауылдарда және қалаларда апаттық жағдайдағы мектептердің, оқу процесі 3 ауысымда өтетін мектептердің проблемасын шешу мақсатында, сонымен қатар ауылдарда және қалаларда мектепке дейінгі білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін, денсаулық сақтау ұйымдарының желісін бекітілген нормативтерге, қолданыстағы мәдениет нысандарын тиісті нормативке сәйкестендіру, халықтың денсаулығын нығайту үшін дене шынықтыру және спорттың тиімді жүйесін құру үшін мемлекеттік-жеке меншік әріптестігі механизмін қолдануға болады.

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестігі механизмі құрылыс нысаны құнының 20 пайызын жеке кәсіпкердің тікелей қосымша қаржыландыруы арқылы жүзеге асыру ұсынылады. Бұл жағдайда аталған нысанның құрылысы кезектен тыс жүзеге асырылады.

Нысанды қосымша қаржыландыру жеке кәсіпкер нысанның атауын көрсете отырып немесе қайтарымсыз үлесі ретінде көрсетілген тауарлар, қызметтер, жұмыстар ретінде нақты дәлелденген құжаттар арқылы жүзеге асырылады.

6. Концессия

19. Әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын дамыту мақсатында концессиялық жобаларды қосымша қаржыландыру, яғни нысандарды концессияға беру ұсынылады.

Нысандарды концессияға беру «Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңына сейкес жүзеге асырылатын болады.

Нысандарды концессияға берумен байланысты қызмет концедентпен концессионер қызметінің жарияльілығы және айқындығы, концедентпен концессионер төлемдері мен қызығушылығының тепе-теңдігін қамтамасыз ету, концессия келісімі бойынша концессионер ұсынатын тауар тұтынушылардың (жұмыс, қызмет), заңды қызығушылықтары мен құқықтарын қамтамасыз ету принциптерінде негізделеді.

Аталған жағдайда концессиялық жобаны бюджет жобасына қосу үшін техника-экономикалық негіздеменің және оған тиісті сараптамалардың болуы қажет.

7. Қорытынды бөлім

20. Аталған әдістеме негізінде құрылысты қажет ететін Қызылорда облысы бойынша білім, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт нысандарының кезектілігі тізбесі қалыптасып, ол Қызылорда облысының әкімдігімен бекітіледі.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы «6» ақпандағы №490 қаулысымен бекітілді

Қызылорда облысы бойынша құрылысқа жататын білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт нысандарының кезектілігі ТІЗБЕСІ

Нысандардың атауы
Білім нысандары

1.Республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын жалпы білім беру мектептердің (будан әрі- мектептер) құрылысы

1. Жаңақорған ауданы Түгіскен елді мекенінде 300 орындық №256 мектептің құрылысы
2. Сырдария ауданы Теренөзек кентінде 300 орындық №210 мектептің құрылысы
3. Қызылорда қаласы Тасбөгет кентінде 300 орындық №172 мектептің құрылысы
4. Жаңақорған ауданы Жаңақорған кентінде 300 орындық №56 мектептің құрылысы
5. Қармақшы ауданы Ақай елді мекенінде 600 орындық мектептің құрылысы
6. Арал ауданы Арал қаласында 300 орындық №14 мектептің құрылысы
7. Қызылорда қаласы «КБИ» мөлтек ауданында 900 орындық №197 мектептің құрылысы
8. Қазалы ауданы Әйтеке би кентінде 600 орындық мектептің құрылысы
9. Қызылорда қаласы Қызылорда –Жезқазған бағытында 300 орындық мектептің құрылысы

2. Жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын мектептер құрылысы оның ішінде:

Апаттық жағдайдағы мектептердің орнына жүргізілетін құрылыстар құрылысы

1. Арал ауданы Жіңішкекум елді мекенінде 100 орындық №230 мектептің құрылысы
2. Қазалы ауданы Сарыбұлақ елді мекенінде 100 орындық №78 мектептің құрылысы
3. Арал ауданы Бөген елді мекенінде 200 орындық №20 мектептің құрылысы
4. Шиелі ауданы Майлытоғай елді мекенінде 150 орындық №141 мектептің құрылысы
5. Қазалы ауданы Аранды елді мекенінде 100 орындық №97 орта мектептің құрылысы
6. Жаңақорған ауданы Талап стансасында 100 орындық №254 мектептің құрылысы
7. Арал ауданы Бекбауыл елді мекенінде 200 орындық №65 мектептің құрылысы
8. Арал ауданы Жаңақұрылыс елді мекенінде 200 орындық №74 мектептің құрылысы
9. Арал ауданы Сарбасат елді мекенінде 20 орындық балабақшасы бар 50 орындық №237 мектептің құрылысы
10. Арал ауданы Құмбазар елді мекенінде 100 орындық №200 мектептің құрылысы
11. Шиелі ауданы 21 разъезде 100 орындық №243 мектептің құрылысы
12. Қазалы ауданы Майдакөл елді мекенінде 200 орындық №98 орта мектептің құрылысы
13. Арал ауданы Ақжұлақ елді мекенінде 20 орындық балабақшасы бар 50 орындық №76 мектептің құрылысы
14. Арал ауданы Көктем елді мекенінде 20 орындық балабақшасы бар 50 орындық № 227 мектептің құрылысы
15. Арал ауданы Үялісай стансасында 20 орындық балабақшасы бар 50 орындық №265 мектептің құрылысы
16. Қазалы ауданы Шилі елді мекенінде 20 орындық балабақшасы бар 50 орындық №259 мектептің құрылысы
17. Арал ауданы Ерімбетжаға елді мекенінде 20 орындық балабақшасы бар 50 орындық №18 мектептің құрылысы
18. Қазалы ауданы Лаханы елді мекенінде 100 орындық №93 мектептің құрылысы
19. Қазалы ауданы Бірлік елді мекенінде 140 орындық №102 мектептің құрылысы
20. Арал ауданы Қуланды елді мекенінде 20 орындық балабақшасы бар 50 орындық №227 мектептің құрылысы
21. Қазалы ауданы Шөкен елді мекенінде 30 орындық интернаты бар 100 орындық №134 мектептің құрылысы
22. Қармақшы ауданы Қуандария елді мекенінде 140 орындық №186 мектептің құрылысы
23. Шиелі ауданы Тәжібеев елді мекенінде 300 орындық №214 мектептің құрылысы

Бөлімделген ғимараттарда орналасқан мектептердің орнына жүргізілетін құрылыстар

1. Жаңақорған ауданының Нөлібаев елді мекенінде 200 орындық №196 мектептің құрылысы
2. Жаңақорған ауданының Қожамберді елді мекенінде 200 орындық №162 мектептің құрылысы
3. Жаңақорған ауданының Аққұм стансасында 100 орындық №221 мектептің құрылысы
4. Шиелі ауданының Жансейіт елді мекенінде 20 орындық балабақшасы бар 50 орындық №133 мектептің құрылысы
5. Арал ауданы Сапақ елді мекенінде 100 орындық № 69 мектептің құрылысы
6. Арал ауданы Арал қаласындағы 100 орындық №71 мектептің құрылысы

3. Тіректі елді мекендердегі білім нысандарының құрылысы

1. Арал ауданы Шижаға елді мекенінде № 57 мектепке қосымша 100 орындық оқу корпусы , спорттық зал, асхана құрылысы
2. Қазалы ауданы Жаңқожа батыр елді мекенінде 90 орындық балабақша құрылысы
3. Қармақшы ауданы 3 Интернационал елді мекенінде 90 орындық балабақша құрылысы
4. Жалағаш ауданы Мәдениет елді мекенінде 90 орындық балабақша құрылысы
5. Шиелі ауданы Еңбекші елді мекенінде 90 орындық балабақша құрылысы
6. Жаңақорған ауданы Түгіскен елді мекенінде 140 орындық балабақша құрылысы
7. Арал ауданы Қамыстыбас елді мекенінде 90 орындық балабақша құрылысы
8. Жаңақорған ауданы Төменарық елді мекенінде 140 орындық балабақша құрылысы
9. Шиелі ауданы Сұлутөбе елді мекенінде 90 орындық балабақша құрылысы
10. Арал ауданы Шижаға елді мекенінде 90 орындық балабақша құрылысы
11. Жаңақорған ауданы Бірлік елді мекенінде 90 орындық балабақша құрылысы

4. Қосымша нысандар құрылысы

1. Шиелі ауданы Шиелі кентінде №252 Ковтунов атындағы мектепті қайта жаңғырту
2. Жалағаш ауданы Жалағаш кентінде №246 мектепті қайта жаңғырту
3. Қазалы ауданының Әйтеке би кентіндегі №216 мектептің спорттық зал, асхана, шеберхана құрылысы
4. Шиелі ауданының Шиелі кентінде №46 мектептің спорттық зал, асхана, шеберхана құрылысы
5. Қазалы ауданының Қожабақы елді мекенінде №25 мектептің спорттық зал, асхана, шеберхана құрылысы
6. Жалағаш ауданының Жалағаш кентінде №3 кәсіптік лицейдің жатақхана, асхана құрылысы
7. Қармақшы ауданының Көмекбаев елді мекенінде №185 мектепке 100 орындық интернат құрылысы
8. Қызылорда қаласындағы 200 орындық көзі нашар көретін, құлағы нашар еститін балаларға арналған коррекциондық мектеп-интернатының құрылысы
9. Қызылорда қаласы Белкөл кентінде интернат құрылысы

5. Демалыс лагерьлерінің құрылысы

1. Қармақшы ауданында «Жас өркен» балаларды сауықтыру демалыс орталығының құрылысы
2. Шиелі ауданында балаларды сауықтыру демалыс орталығының құрылысы
3. Қазалы ауданы Қазалы қаласында «Шағала» балалардың сауықтыру демалыс орталығының құрылысы

Барлығы: 61 нысан, оның ішінде: мектеп- 38, тіректі елді мекендерде-11, қосымша нысандар-9, лагерьлер-3.

6. Балабақшалар құрылысы

1.Апаттық жағдайдағы балабақшалардың орнына балабақшалар құрылысы

1. Қазалы ауданы Қазалы қаласында «Өрімтал» 140 орындық балабақшаның құрылысы
2. Арал ауданы Арал қаласында «Жазира» 140 орындық балабақшаның құрылысы
3. Арал ауданы Арал қаласында «Толқын» 140 орындық балабақшаның құрылысы
4. Қармақшы ауданы Жосалы кентінде 90 орындық №3 «Ертөстік» балабақшаның құрылысы
5. Қармақшы ауданы Жосалы кентінде 90 орындық №5 «Айгөлек» балабақшаның құрылысы
6. Қармақшы ауданы Тұрмағанбет елді мекенінде 140 орындық №8 «Қызғалдақ» балабақшаның құрылысы
7. Қармақшы ауданы Іркөл елді мекенінде 50 орындық №12 «Самал» балабақшаның құрылысы
8. Қармақшы ауданы Төребай би елді мекенінде 50 орындық №15 «Ақ көгершін» балабақшаның құрылысы
9. Қазалы ауданы Қожабақы елді мекенінде 90 орындық балабақшаның құрылысы
10. Қазалы ауданы Басықара елді мекенінде 90 орындық балабақшаның құрылысы
11. Қазалы ауданы Ақсуат елді мекенінде 90 орындық балабақшаның құрылысы
12. Қазалы ауданы Бозкөл елді мекенінде 90 орындық балабақшаның құрылысы
13. Қазалы ауданы Көукөл елді мекенінде 50 орындық балабақшаның құрылысы
14. Қазалы ауданы Жалаңтөс елді мекенінде 50 орындық балабақшаның құрылысы

2. Балабақшалары жоқ елді мекендердегі балабақшалар құрылысы

1. Жаңақорған ауданы Қожакент елді мекенінде 90 орындық балабақшаның құрылысы
2. Шиелі ауданы Бидайкөл елді мекенінде 140 орындық балабақшаның құрылысы
3. Арал ауданы Аманөткел елді мекенінде 90 орындық балабақшаның құрылысы
4. Қазалы ауданы Бекарыстан би елді мекенінде 140 орындық балабақшаның құрылысы
5. Қазалы ауданы Түктібаев елді мекенінде 90 орындық балабақшаның құрылысы
6. Жалағаш ауданы Ақсу елді мекенінде 90 орындық балабақшаның құрылысы
7. Қызылорда қаласы Абай елді мекенінде 90 орындық балабақшаның құрылысы
8. Қызылорда қаласы «КБИ» мөлтек ауданында 140 орындық балабақшаның құрылысы
9. Шиелі ауданы Ортақшыл елді мекенінде 50 орындық балабақшаның құрылысы
10. Жаңақорған ауданы Қызылмақташы елді мекенінде 50 орындық балабақшаның құрылысы
11. Жаңақорған ауданы Қожамберді елді мекенінде 50 орындық балабақшаның құрылысы
12. Сырдария ауданы Іңкәрдария елді мекенінде 50 орындық балабақшаның құрылысы
13. Сырдария ауданы Жетіқұл елді мекенінде 50 орындық балабақшаның құрылысы
14. Қызылорда қаласы Махамбет елді мекенінде 90 орындық балабақшаның құрылысы
15. Қызылорда қаласы № 222 мектептің аумағында 140 орындық балабақшаның құрылысы
16. Қазалы ауданы Ақтан батыр елді мекенінде 90 орындық балабақшаның құрылысы
17. Қазалы ауданы Пірімов елді мекенінде 90 орындық балабақшаның құрылысы
18. Шиелі ауданы Алмалы елді мекенінде 90 орындық балабақшаның құрылысы
19. Шиелі ауданы Ақмая елді мекенінде 90 орындық балабақшаның құрылысы
20. Жалағаш ауданы Ақарық елді мекенінде 90 орындық балабақшаның құрылысы
21. Жалағаш ауданы Қаракеткен елді мекенінде 50 орындық балабақшаның құрылысы
22. Арал ауданы

ЖШС «Қазгермұнай» Біріккен Кәсіпорнының Бас директоры М. С.Кәрім

Құрметті қызылордалықтар мен облыс тұрғындары!

Қаһарына ұзақ мінген қыстан кейін көктемгі күннің шуағы тіршілік иелерін ұйқысынан оятады. Бұл көктем – жыл басы Наурыз.

Сіздерді шын жүректен Наурыз мерекесімен құттықтаймын! Наурыз – бұл жыл басы, күн мен түннің теңелер сәті. Наурыз – бұл жаңарудың, тазалық, махаббат пен әдеміліктің символы! Өткеніңді саралап, болашақты жоспарлайтын, өкпе-реніші кешіріп, адам баласының бір-біріне жақсы тілейтін уақыты.

Наурыз табыс, қуаныш пен жақсылық әкелсін! Көктем тыныштық пен бейбітшілік сыйласын! Сізге және отбасыңызға денсаулық пен бақыт тілеймін! Көктем мен шуақ мерекесі Наурыз құтты болсын!!

ЖШС «Қазгермұнай» Біріккен Кәсіпорны Бас директорының бірінші орынбасары Юй Чжицин

Құрметті қызылордалықтар!

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ басшылығы атынан және өз атымнан баршаңызды көктемгі күн мен түннің теңесуі – Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Көктем келді, онымен бірге ұзақ уақыт ызғарлы қыстан кейін бәріміз тосқан жылы да шуақты мереке – Наурыз мейрамы есік ашқалы тұр. Әз Наурыз жақсылыққа толы үміт-сенімдерге, жаңа жоспарларға, ең қасиетті арман-тілектердің орындалуына жол ашады.

Биылғы Наурыз мейрамын «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» компаниясы жақсы өндірістік көрсеткіштермен қарсы алмақ. Мұны мұнайшылардың облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына және өңір халқының әл-ауқатын жақсартуға қосқан үлесі деп білеміз.

Осы айтулы мереке қарсаңында сіздерге шын көңілден шалқар шабыт, қажымас қайрат тілеймін, қолға алған батыл шығармашылық жоспарларыңыз таяу арада іске ассын демекпін. Күлімдеген көктемнің әрбір күні, нұр шашқан әрбір шуақты сәулесі шаңырақтарыңызға бақ-береке әкелсін!

Наурыз мейрамы құтты болсын!

Құрметпен және ілтипатпен, «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ басқарма төрағасы Фан Цзячжун.

НАУРЫЗ КӨЖЕ

(аңыз)

Бұл аңыз заман аттап, бізге жеткен,
Келеді ел жадында ертеректен.
Өтіпті Наурыз атты дәулетті қарт,
Жан екен туымы бөлек асыл тектен.

Қоныпты ырыс-дәулет қанасына,
Болыпты ел-жұртының данасы да.
Қолы ашық, пейілі кең адам екен,
Айналған кем-кетіктің панасына.

Жомарт жан, мейірімді, кең болыпты,
Дуалы әр лебізі ем болыпты.
Бәрі кем бірі кемнің дегендейін...
Наурыздың бір керегі кем болыпты.

Дәулетті болса-дағы байлығы асқан,
Көрмепті қиыс қылық қас пен достан.
Күн өтіп, жасы егде тартқан сайын,
Егіліп, қарт еңсесін қайғы басқан.

Еңсегей келбеті де нар болатын,
Ұлағат ұстанғаны ар болатын.
Күн сайын қайғы суын кеше берді,
Өйткені бір перзентке зар болатын.

Болғанмен артында іні, алдында аға,
Татымай бар байлығы бір балаға.
Толғанды бір ескерткіш тастауды ойлап,
Ат-есімім қалмайды-ау деп бара-бара.

Қиялдап сан талапқа оқталыпты,
Жыл келіп, бір кесімге тоқталыпты.
Сәйлепті Алла атынан әлеуметке,
Жиып ап елі-жұртын – топ халықты.

– Алла, – деп жұртты өзіне қаратыпты –
Пірім ең Шашты Әзиз Баба Түкті.
Шашыпты бар байлығын көже астырып,
Табанда тамам елге таратыпты.

Дей алмас мұны ешкім жалған екен,
Бұл ырым иманды елге арман екен.
Істейтін наурызкөже жыл басында,
Дәстүр боп мұсылманға қалған екен.

Өтеген ЖАППАРХАН.

Құрметті теміржолшылар және теміржол көлігінің ардагерлері!

Қызылорда жол бөлімшесінің басшылығы мен кәсіподақ комитеті темір жол көлігі саласында жұмыс істеп жатқан теміржолшыларды және осы саладан зейнетке шыққан барлық ардагерлерді Ұлыстың ұлы күні – әз Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтайды.

Бүгінгі күні теміржол саласы қуатты өндірістік базасы бар, жан-жақты дамыған сапалы көлік қызметі. Мұның негізінде Сіздердің баға жетпес тәжірибелеріңіз бен өлшеусіз еңбектеріңіз жатыр. Ардагерлеріміз бастаған игі бастамалар бүгінгі күні жақсы жалғасын тауып, көңіл қуантуда.

Нұрлы көктем барша жақсылығымен келіп, әрбір отбасын мейірім мен шапағатқа толтырсын.

Шуақты Наурыз сіздерге және сіздердің жақындарыңызға зор денсаулық, баянды бақыт, мол ырыс-несібе, нәтижелі жемістер әкелсін!

Ізгі тілекпен, "ҚТЖ"ҰК" АҚ "Қызылорда жол бөлімшесі" филиалының директоры А.АРЫСБАЕВ,
"ҚР теміржолшылар кәсіби одағы" Қызылорда филиалының төрағасы Ө.ЖҮСІПОВ.

МӘСКЕУ ҰЛТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ (МИСиС) ОҚУҒА ШАҚЫРАДЫ

Ресей Федерациясы Москва қаласындағы ұлттық технологиялық зерттеу университеті (МИСиС) ЖОО-ға түсу үшін Қызылорда қаласында қабылдау емтихандарын жүргізеді.

Оқу орны әлемдегі 100 мықты университеттердің қатарына кіру мүмкіндігіне ие болған Ресейдегі 15 оқу орнының қатарына енген.

Университет студенттері Германия, Америка, Франция мемлекеттерінде іс-тәжірибе алмастырып, оқи алатын болады.

Оқу мерзімі 4 жыл.

ЖОО-ға қабылдау емтихандары Қызылорда қаласында 2014 жылғы 3-7 сәуір күндері жүргізіледі.

Өткізілетін орны: Қызылорда қаласындағы Ғ.Мұратбаев көшесі №11 ғимаратта орналасқан №198 орта мектептің базасы.

Емтихан тестілеу арқылы 3 пән бойынша жүргізіледі. (Математика, физика, орыс тілі пәндері)

Мектеп бітірушілермен қабылдау емтихандар өткізу үшін Москва қаласынан арнайы комиссия келеді.

Қабылдау төмендегі мамандықтар бойынша жүргізіледі:

1. Электроэнергетика және электротехника
2. Машина құрылысы өндірісін конструкторлы-техникалық қамтамасыз ету
3. Технологиялық машина және құрал жабдықтар
4. Техносфералық қауіпсіздік
5. Металлургия
6. Стандарттау және метрология
7. Сапалық басқару
8. Техникалық жүйелерді басқару
9. Материалдарды көркемдеп өңдеу технологиясы
10. Сауда ісі
11. Физика
12. Электроника және наноэлектроника
13. Материалтану және материал технологиясы
14. Нанотехнология және микрожүйелік техникасы
15. Наноматериалдар

Емтиханды ойдағыдай тапсырған талапкерлер Ресей мемлекеттік оқу грантына ие болып, оларға жатақхана берілетін болады.

Университет жайлы қосымша материалдарды (сайт www.misis.ru) арқылы алуға болады.

Басқармадағы хабарласу телефоны: 8 (724) 27-65-08 немесе ұялы телефондар: 87012189701; 87015859252; 87018628005.

ТӨРТ ТҮЛІКТІҢ ТӨРЕСІ

ДАРА ӨНЕРДЕ САРА ІЗІ БАР

Өнер – ұлық дүние. Оның түрі де көп, тұрпаты да әрқалай. Ал осы өнер әлемінде қазақ үшін қымбаттысы бұл – атбегілік өнер. Салт-дәстүр, мәдениетін, барша тұрмыс тінін, түйдек айтқанда, тұтас тарихын жылқымен өлшеген қазақтың Қамбар ата тұқымы десе, тұла бойы нұр ойнап салатыны да сондықтан. Демек, ұлтқа тән дара дәстүрдің арда көркін паш ететін атбегілік өнер, нағыз ерге қонған ерек қасиет болса керек.

Атбегі демекші, қазақта ат баптаған адамды әрқалай атайды. Мәселен, Шығыс жерінде «атбегі» десе, Оңтүстікте «бапкер», Батыс өңірде «атсейіс» деп жатады. Қалай айтсақ та, қазаққа сіңісті сөз бұл. Ең ғажабы, атбегінің көреген, ұлкен сыншылық қасиеті ертеден-ақ ерекше бағаланған. Көне түркі халықтарының жазбаларында, «бек» – ұлық, көсем деген ұғымды білдірсе, бертін келе жеке істі, өнерді жетік білетін кісіні де соның «бегі» деп атаған. Осыдан атбегі, құсбегі деген сөздер шыққан дейді. Олай болса, «Жылқы малдың патшасы» деп қадір тұтатын қазақ үшін бұл өнер, асқан құндылық саналады.

Жетпістің жалын тартып, алысты-жақын ел-жұртқа белгілі атбегі атанған Әуесхан Қыдырбаев осы бір өнер жолында елдің, жердің атын асқақтатқан айтулы азамат ретінде мәлім. Кәнігі кәсіптен өне бойы ләззат алып келе жатқан жан қазіргінің атқұмар қазақ баласына ұстаздай көрінеді. Былайша айтқанда, Әукең жылқыны таныды, жылқы Әукеңді танытты.

Еңбек не өнердегі жеміс ешуақыт оңайлықпен келмейді. 1942 жылдың шілдесінде Шиелінің Ортақшыл ауылында дүниеге келген ол тоғызжылдық мектепті аяқтаған соң колхоз диқаншыларына жәрдемші болды. Кейін комбайншы, тракторшы мамандығын алып, совхозда шаруаның темір тұлпарын мінді. 1962 жылы Балқаш қаласында әскери борышын өтеп, туған жерге оралған соң жылқышының көмекшісі атанды. Ал нағыз жылқышы атану 1966 жылы бұйырды.

Әукең жылқы бақтым, жетістігім жаман емес деп, ертелі-кеш аяқты малдың соңында сылбыр тепеңмен шектеліп күн кешкен жоқ. «Ат – ердің қанаты. Тәйірі, жортып салса желдей еседі-ау» деп жұмыр тұяқты жануарларды бәйгеде бағын сынамаққа бекінді.1968 жылы «Вася» деген жүйрігі құнан жарыста топ жарғанда, тырнақалды табысына баладай шаттанды. Араға бір жыл салып әлгі «Вася» аламанда дара шапқанда жеңіп алған жүлдесі емес, жылқышының атағы дүр етіп жаңа қырынан шыға келді.

1972 жылы Гигант ауылына жылқышы болған Әукең үш жыл өткен соң топтастыру кезеңі басталғанда Қарғалыға жылқышы болып табан тіреді. Ол кезде бір жылқышыға 100 бастан артық міндет жүктелмейтін. Алайда, Әукең үшін жүктелген жауапкершілік мұнан бірнеше есе артық еді. Алдына 700 басқа дейін үйір-үйір мал салып, оның басын 100 пайыз аман сақтаған жылқышы озаттардың көшін бастады. Қыста қар жамылды, мұз құрсанды, ызғардың өтінде, жаздың аптабында қақталып, күндіз-түні ат үстінде аяқты малдың бабын жасады. Сондағы сарқа салған еңбек еш кеткен жоқ. Ауданның мерейін облыс, онан қалды республика көлемінде озат ісімен асқақтатқан жылқышының табандылығы талай мәрте марапатқа қол жеткізді. Бірнеше «Құрмет грамоталары» мен әріптестері арасында мадақтауға ие болған азамат адал еңбектің жемісіне жеңіл автокөлік те алды.

Әуесхан Қыдырбаевтың 1979 жылдан жекешелендіруге дейін еңбек еткен ортасы – Еңбекші ауылы. Міне, атбегілік өнерге айрықша ден қойған шақ та осы жылдардың бедері болатын. Әдепкіде жергілікті жылқылармен бәйге көрігін қыздырып жүрген бапкер, келе-келе таза тұқымды аттар әкелу науқаны басталғанда бой сіңіскен кәсіпке мықтап тұрып кірісті.

«Қайратты ерге мал тұрар, өнерлі ерде бақ тұрар» деген, Әукеңнің атбегілік шеберлігі мен сыншылық қарымын көп мойындайтын, басшылар бағалайтын. Осының үдесімен 1989 жылдың күзінде үлкен міндет жүктелді. Нәтижесінде Шиеліге «Брек», «Система» атты текті тұқымды жылқылар келді. Арғы аталары талай жерді дүр сілкіндірген сол бір ғажайып тұлпарларды қолға тигізу оңай болған жоқ. Қолдағы алтыннан кімнің айырылғысы келеді, ал Әукең үшін жабы-жәуметтің қажеті шамалы. Алматының атақты жылқы зауытынан шыққан сол «Брек» пен «Системаны» аларда зауыт директорын апталап жатып, аракқа бөктіріп, әзер дегенде келісімін алғаны атақты жылқышының көкей көзінде сайрап тұр.

Байқасаңыз, Әукең өз кәсібінде ең алдымен малдың басы емес, тектілік қабілетін өсіруге аянбай тер төкті. Жабыдан жарау шығарды, жараудан жүйрік шығарды, әйтеуір сол уақыттың дүрмегінде талай бәйгенің басын қайырды. Бірақ ол жетістік кәнігі бапкер үшін, қолтық сөгіп, қайрат көрсетуге төтеп берерлік күш емес еді. Осындай сәтте қос бірдей таза қанды тұлпардың қолға тиюі атбегінің алымын да, қарымын да өрге жетеледі.

Шын мәнінде, Әукеңнің атбегілік өнердегі өрісті шағын сол «Брек» атты өрен тұлпармен тамырластыруға болады. Ең ғажабы, сол тұлпардан ерген қайсыбір сұңғыла құлын болмасын бәйге атаулыда олжасыз қалған емес. Тіпті тұтас қазақ ұлы Абайға ұлан-асыр ас беріп, алыс-жақын шетелден қонақ шақырып, арда аламан бәйге бергенде сол «Бректен» туған «Сұңқар», «Ызғар», «Кастет» үш бірдей темір тұлпарды қанжығаға байлады. Шын мәнінде, бұл облыстың үлкен абыройы болды.

Желқабыз (желдей ескен жануар) мал өсіріп, талай алқақотан сара өнер сайысында атағы асқақтап жүрген Әуезхан аға қазір де ертелі-кеш қора-жайдан қол үзген емес. Сылаң қаққан сұлудай майса жал, жұмыр тұяқ жүйріктердің ауық-ауық жалынан сипап, жайын жасау ол кісі үшін нағыз бақыт. Задында атбегілік – өте нәзік, соғұрлым қиын өнер. Әукең сол өнердегі белесінен еш уақыт бәсеңсіген емес, қайта уақыт безбенінің тың соқпақтарына батыл сүрең салып талай ізбасарын тәрбиеледі.

Бұл – өнерді сүю, өнерді сүю – ұлтын, дәстүрін, ғаламат әдет-ғұрпын сүю.

Қазақ тәуелсіздік алғалы ұлттық ат спорты да дамып жатыр. Алайда, сол өнердің ыстық-суығын қатар көтерген, көтеріп қана қоймай, талай мәрте Сырдың атын алыстыжақын аспандатқан азаматтар есімін көпке, атакәсіпке жаны құмар жандарға дәріптеп отырса игі болар еді. Өйткені, қайсыбір уақыт өзгерісі болмасын қазақтың қаны да, жаны да ұлттық өнермен бітекайнасып жатарын ешкім жоққа шығара алмайды.

Қуат ШАРАБИДИНОВ.

ЕСКІШЕХИРДЕГІ ТҮРКІЛЕР ТОЙЫ

Газетіміздің өткен нөмірлерінде сырбойылық өнер ұжымдарының Түркияның Анкара, Стамбул және Ескішехир қалаларына сапарға аттанғанын хабарлаған едік.

Наурыздың 19-да Ескішехир қаласындағы Анадолы университетінің Бесио атындағы спорт кешенінде түркітілдес халықтардың Наурыз мерекесіне арналған фестивальдің салтанатты ашылуы өтті. Түбі бір түркінің ортақ мерекесіне 24 мемлекеттен 600-ден астам өнерпаз қатысуда. Осы күні Ескішехир әкімінің қабылдауы болды.

Наурыздың 20-нда Мүтәліп ауданында туысқан елдерден келген өнерпаздар тал егу рәсіміне қатысты. Ұлыстың ұлы күніне арналған негізгі шаралардың бірі 21 наурызда Қанатлы мекенінде өтті. Тілі мен діні ортақ түркі елдерінен келген өнерпаздар халықпен бірге Наурызды тойлады. Қазақстандық өнер иелері де ұлық мерекенің сән-салтанатын арттыруға өз үлестерін қосты.

Кешкісін фестивальдің жабылу салтанаты өтіп, келесі жылы Наурызға арналған іс-шараны өткізу кезегі Татарстанға табысталды. Алдағы күндері біздің елден барған өнерпаздар бірнеше ауданның концерт залдарында өнер көрсетеді. Облыстық филармонияның бас директоры Талғат Мақашов бастаған өнер ұжымдары – "Ақмешіт" фольклорлық ансамблі, "Томирис" би ансамблі, дәстүрлі орындаушылар – Марат Сүгірбай, Күнсұлу Түрікпенова, Нұртілек Ақтаев, Эльвира Есназарова, классикалық әнші Ұлпан Әбдікәрімова, биші Замира Ыстықбаева түрік көрермендеріне Сыр елінің сәлемін жеткізуде.

М.МЕРЕЙ.

ҚАСИЕТТІ САН

"ЖЕТІНІҢ" ТЫЛСЫМ СЫРЛАРЫ

Халқымыздың таным-түсінігінде 7 санының орны бөлек. Балаға жастайынан жеті атасының кім екенін үйретіп, от, су, құрғақшылық, оба, зілзала, аштық, соғыс сияқты жұттардан сақтанған. Жерде өлшеу, аспанда тіреуіш, таста тамыр, тасбақада талақ, Аллада бауыр, аққуда сүт, жылқыда өт жоқ деген тәмсіл қалдырған. Ер жігіт, сұлу әйел, ілім-білім, жүйрік ат, құмай тазы, қыран бүркіт, берен мылтықты жеті қазына санаған. Тыңдамаған сөзді, киюсіз тозған бөзді, иесіз қалған жерді, басшысы жоқ елді, аққу-қазсыз көлді, елінен айырылған ерді, замандассыз қалғанды жетім деп есептеген. Жұма сайын жеті шелпегін пісіріп, аруақтарға Құран бағыштаған. Ұрпағына жеті рет өлшеп, бір рет кесуді үйреткен. Тәуке ханның тұсында қабылданған қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарының жинағын «Жеті жарғы» деп атаған. «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл» деген нақыл қалдырған.

Бұдан өзге де салт-дәстүріміздегі ерекшеліктер осы санмен байланысты. Дәстүрлі ислам дінін ұстанған халқымыз жұмақтың жеті қақпасы, тозақтың жеті баспалдағы болатынын, қасиетті Қағбаны жеті рет айналу керектігін жақсы біледі. Ауыз әдебиетінде жеті қат көк, жердің жеті қабаты, жеті басты айдаһар деген ұғымдар тағы бар. Батырлар жырларында, мәселен, «Алпамыс батыр» эпосында Байбөрі мен Аналық бала тілеп, жеті әулиенің басына түнейді. Халқымыздың ежелгі салты бойынша күн мен түн теңелгенде жеті тағамнан наурызкөже әзірлеген. Адам дүниеден өткеннен кейін 7 күннен кейін ас береді.

Тек қазақ халқының ғана емес, жер жаһандағы барлық халықтың танымында осы санға қатысты қызықты деректер кездеседі. Мәселен, Калифорния институтының ғалымдары 7-нің адам миына әсерін терең зерттепті. Көп ретте осы санға қатысы бар кез келген мәліметтің есте сақталуы өте оңай. "Жетінің тылсымына бойлау үшін қасыңыздағы досыңызға 10 сөзден тұратын сөйлем құратқызып, оны қайталатып көріңіз. Адамдардың 90 пайызы он сөздің 7-еуін есте сақтай алады" дейді сарапшылар.

Египетте бұл сан мәңгілік өмірдің және шығармашылықтың белгісі болған. Біздің заманымызға дейін өмір сүрген шумерлік патша Лугуланнемунду 7 қақпалы, 7 есікті шіркеу салдырған. Ежелгі Грекияда да жетімен байланысты аңыздар жеткілікті. Бұдан өзге 7 саны мақал-мәтелдерде, афоризмдерде өте көп кездеседі. Әлемнің жеті кереметі бөлек тақырыпқа арқау болатындай ауқымды.

Бұл сан адам өмірінің барлық кезеңдерінде кездеседі. Мәселен, бала анасының құрсағында 280 күн (7х40) болады, 7 айлығында тісі шығады, 14 айлығында (7х2) отырады, 21 айлығында (7х3) жүре бастайды, 35 айлығында (7х5) анасын емуді қояды. Ал 14 жасында (7х2) қалыптасып болады, 21 жасында (7х3) өсіп-жетілуі тоқтайды.

Қазір сандар сырын зерттейтін нумерология ғылымы ерекше қарқынмен дамып келеді. Бұл дегеніңіз, ежелгі заманнан бері тылсымы таусылмаған 7 санының әлі талай құпиясы ашылады деген сөз.

Г.ТЕЛЬМАНҚЫЗЫ.

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексі туралы» 2005 жылғы 3 мамырдағы №1567 Жарлығына сәйкес «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Қызылорда мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті» мемлекеттік мекемесі Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, 7А ғимаратында орналасқанын және 27-03-01 нөмірлі сенім телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.

Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:
руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы: Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған: Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. *"АҚ"-ақылы қызмет.
Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж
Газеттің таралымына "Қазпошта" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, н/ж

Таралымы 25096
Тапсырыс № 247